

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Дипломатия институты

Қолжазба құқығында


Раимбекова Асем Мамановна

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚШАНЫ  
ЖЫЛЫСТАТУҒА ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА  
ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮЙЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА  
СӘЙКЕСТІГІ

«Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы

«7M03-Әлеуметтік ғылымдар» дайындық бағыты бойынша

Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекшісі:  Б.Ж. Сомжүрек тарих ғылымдарының  
кандидаты, қауымдастырылған профессор

Магистрлік жоба қорғауға жіберілді: 2021 ж. « 27 » сәуір

Институт директоры:  М.А. Абишева, саяси ғ. к.

Нұр-Сұлтан, 2021

## Магистрлік жоба мазмұны

<b>Нормативтік сілтемелер</b>	3
<b>Белгілер мен Қысқартулар</b>	4
<b>Кіріспе</b>	5
<b>Әдебиеттерге шолу</b>	10
<b>Талдау және зерттеудің нәтижелері</b>	12
1 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың халықаралық және ұлттық жүйесінің теориялық және құқықтық негіздері	
1.1 Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың жаһандық халықаралық жүйесінің қалыптасуы	12
1.2 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың Еуразиялық аумақтық ынтымақтастығы	19
1.3 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың қазақстандық жүйесі және оның негізгі элементтері	22
2 Қазақстанның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің ағымдағы жағдайы	30
2.1 Қазақстанның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің өзекті мәселелері	30
2.2 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың Қазақстан Республикасының жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру жолдары	36
<b>Қорытынды</b>	44
<b>Пайдаланылған дереккөздер тізімі</b>	48
<b>Аналитикалық жазбахат</b>	51
<b>Қосымша А</b>	55
<b>Қосымша Б</b>	69

## Нормативтік сілтемелер

1. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Қазақстан Республикасының Заңы
2. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі
3. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық іс жүргізу кодексі
5. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-I Азаматтық кодексі
6. Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-I Заңы
7. Рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңы

## Қысқартулар

КЖ/ТҚҚ	Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы қимыл
КЖ	Кірістерді жылыстату
ТҚ	Терроризмді қаржыландыру
ФАТФ	Ақшаны жылыстатумен күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобы
ЕАТ	Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ
Агенттік	ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі
БҰҰ	Біріккен ұлттар ұйымы
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ДБ	Дүниежүзілік банк
ҚМС	Қаржы мониторингі субъектілері
ҚББ	қаржылық барлау бөлімшелері
ЖЛТ	Жария лауазымды тұлғалар

## Кіріспе

Магистрлік жұмыс Қазақстанның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (КЖ/ТҚҚ) саласындағы заңнаманың құқық қолдану аспектісін талдауға бағытталған. 2022 жылы Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ (ЕАТ) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ жүйесін өзара бағалауын өткізеді. Бағалау аясында Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ құқықтық және институционалдық жүйесінің ФАТФ-тың белгіленген халықаралық стандарттарына сәйкестігін арнайы ФАТФ-тың методологиясымен бағалайды және жүйенің техникалық сәйкестігі мен тиімділігі рейтингтерін береді. Берілген рейтингтер белгілі бір міндеттемелерді жүктейді, олардың орындалмауы / төмен болуы елімізге қолданылатын экономикалық сипаттағы санкцияларға әкелуі мүмкін.

Атап өту қажет, магистрлік жоба КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманың ФАТФ халықаралық стандарттарға техникалық сәйкестігі бағыты бойынша жүргізілді.

Заңсыз кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрестің өте маңызды аспектілерінің бірі халықаралық және ұлттық деңгейлерде алдын алу тетіктерін құру мәселелері болып табылады.

"Қылмыстық кірістерді жылыстату"; "терроризмді қаржыландыру"; "жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру" терминдері қазіргі таңда пайда болып, әлемдік қауіп төндіретін көптеген қылмыстардың бірі болып табылуда. Қаржы жүйелерін пайдалану арқылы көптеген қылмыстар адамзатқа әртүрлі қауіп төндіруде.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында, сыртқы саясаттың негізгі қағидаттарының бірі-трансшекаралық сипаттағы сын-тегеуріндер мен қатерлерге ден қою, ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлердегі қауіпсіздік пен дамудың ажырамас байланысы болып табылады. Осы көрсетілген қағидатты орындау мақсатына Қазақстан халықаралық терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимылда жаһандық және өңірлік күш-жігерді біріктіруге, оның ішінде халықаралық терроризмге қарсы ауқымды коалиция құру арқылы жәрдемдесу; ұйымдасқан қылмыс, есірткі бизнесі және қылмыстық әрекеттің басқа да түрлерімен күрес саласында сыртқы әріптестермен өзара іс-қимыл жасасу арқылы жүзеге асырмақ [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 23 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші сессиясында сөз сөйлеп, қазіргі әлемдік сын-тегеуріндерге қарсы күрес бойынша өзінің көзқарасымен бөлісті: "пандемия көлеңкесінде бізге тағы екі қатал сын-қатері жақындап келеді. Соның бірі-ядролық қаруды таратпау және қарусыздану дағдарысы. Алайда, таратпау режимінің жалғасып келе жатқан эрозиясы бізді өте осал және қауіпті жағдайға душар етеді. Осыған байланысты Қазақстан, барлық БҰҰ мүше мемлекеттері оның ядролық державаларға адамзатты ядролық

апаттан құтқару үшін барлық қажетті және шұғыл шараларды қабылдауға шақыруын қолдайды деп күтеді"[2].

Халықаралық ҚЖ/ТҚҚ жүйесінде Базель индексі ерекше орынға ие. Осы тәуелсіз ұйым бүкіл әлемде ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелін бағалайтын жыл сайынғы рейтингтер есебін шығарады.


Аталған рейтингтер есебі ФАТФ, ДБ, және Дүниежүзілік экономикалық форум сияқты 16 жалпыға қолжетімді көздерден алынған деректерге негізделген тәуекелдерді бағалауды қамтиды. Тәуекелді бағалау бес саланы қамтиды: АЖ / ТҚҚ жүйесінің сапасы, Парақорлық және сыбайлас жемқорлық, Қаржылық ашықтық және стандарттар, Қоғамдық ашықтық және есептілік және Құқықтық және Саяси тәуекелдер.

2020 жылы Базель индексінің рейтингтері бойынша бағалауды 141 ел қарастырылды. Қазақстан 73-орында, алайда Қазақстан \*белгісімен белгіленген, бұл Қазақстан Республикасының ҚЖ/ТҚҚ саласының ФАТФ-тың 2012 жылғы стандарттарымен әлі бағаланбаған елдер қатарында екендігін білдіреді және сол себептен салыстырмалылықты шектейді деп белгіленген.

66	Azerbaijan*	●	5.24
67	Ukraine	●	5.23
68	Mexico	●	5.20
69	Japan*	●	5.16
70	India*	●	5.15
71	Moldova	●	5.14
72	Guatemala	●	5.10
73	Kazakhstan*	●	5.08
74	Argentina*	●	5.08
75	Antigua and Barbuda	●	5.07
76	Botswana	●	5.06
77	Dominican Republic	●	5.05

1-сур. – Базель индексі: бүкіл әлем бойынша ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері бойынша рейтингінің 9-шы жария басылымынан алынды

Жалпы Базель индексі өңірлік бағалауды жүргізеді, төмендегі суретте көрсетілгендей Қазақстан «Еуропа, Орталық Азия» өңіріне жатқызылып, аумақтық деңгейде 5-орында.



2-сур. –Базель индексі: бүкіл әлем бойынша ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері бойынша рейтингінің 9-шы жария басылымынан алынды

2- суреттегі көрсеткіштер«Өңірдегі тәуекелдердің жалпы көрсеткіштер деңгейі орташа және әлемдік тұрғысынан қарағанда АЖ / ТҚҚ жүйесінің сапасы біршама жақсы. Алайда, әлсіз жақтары -сыбайлас жемқорлық және коррупция, құқықтық және саяси тәуекелдер және бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі проблемалары. Ал, бұл өз кезегінде АЖ / ТҚҚ жүйелерінің тиімділігін бағалау барысындағы нәтиженің бұрмаланып қабылдауына әкелуі мүмкін» [3, 9 б ] деп аталған есепте көрсетілген.

2019-2020 жылдар аралығында ФАТФ Президенті болған Сян мин Лю Қытайдың ФАТФ-тағы төрағалық мерзімінің соңындағы қорытынды мәлімдемесінде: "Бүгінгі таңда көптеген елдердің проблемасы, бұл жаһандық стандарттардың жоқтығы емес, басты мәселе осы стандарттарды тиімді қолдану» [4] деп халықаралық стандарттардың маңыздылығын атап өтті.

Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрестің өте маңызды аспектілерінің бірі халықаралық және ұлттық деңгейлерде алдын алу тетіктерін құру мәселелері болып табылады.

Қазақстан әлемде ерекше геосаяси орынға ие, қарқынды есірткі трафиғі және белсенді террористік әрекеті бар аудандарға тікелей жақын орналасқандығынан, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл мәселелері мен терроризмді қаржыландыру көздерін жабу мәселелері өте өзекті.

**Тақырыптың өзектілігі** халықаралық деңгейде ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелерін құқықтық реттеудегі тұрақты өзгерістерімен расталады, өйткені қаржы институттарың үнемі

жетілдіріліп, күрделене беретін қылмыстық схемаларға тартылуы, бұл қадағалау органдарының жедел әрекет етуін және нормативтік актілерді толықтыруды талап етеді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі тиісті қадағалау және осы салада құқық қолдану болып табылады.

Қазақстан 2022 жылы бағалау объектісі ретінде ЕАТ-тың өзара бағалауынан өтеді. Бағалау нәтижелері бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесінің ФАТФ ұсынымдарына сәйкестігі айқындалатын болады. Осыған байланысты КЖ/ТҚҚ саласындағы жүйенің максималды тиімділігіне қол жеткізу мәселесі өзекті болып отыр.

**Зерттеудің дереккөздері.** Зерттеу жұмысын жазу барысында дереккөздерді бірнеше топқа бөлуге болады.

**Бірінші топқа** Қазақстан Республикасының саясатын регламенттейтін нормативтік құқықтық дереккөздерді пайдалану негізінде жүргізілді: Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясатының тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" жолдауы және т.б. жатқызуға болады.

**Екінші топқа** "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" заңы, ҚР Қылмыстық Кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, "Заңды тұлғаларды тіркеу туралы", "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және де осы салаға қатысты басқа да заңдарға аса жоғары көңіл бөлінді.

**Үшінші топқа** ФАТФ-тың белгіленген халықаралық стандарттары, ФАТФ ұсынымдарына АЖ/ТҚҚ жүйелерінің сәйкестікті бағалау әдіснамасы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі қарарлары өзге де осы саладағы халықаралық құжаттар жатады.

**Зерттеудің мақсаты** Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының ағымдағы жай-күйіне, ФАТФ халықаралық стандарттарына техникалық сәйкестігі тұрғысынан талдау және бағалау жүргізу. Сондай-ақ осы саладағы заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша нақты теориялық және практикалық қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін жобада мынадай өзара байланысты **міндеттерді** шешу ұсынылады:

- КЖ / ТҚҚ саласындағы қолданыстағы заңнамаға техникалық сәйкестік бойынша талдау жүргізу;



- имплементацияланбаған ұсынымдарды анықтау, ұсынымдарды енгізу бойынша шетелдік тәжірибені және олар пайдаланатын шараларды зерделеу;
- КЖ / ТҚҚ саласындағы заңнаманы дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

**Жұмыстың методологиясы мен методикасы.** Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау үшін зерттеуде негізгі тарихи - таным, құқықтық аналогия ғылыми әдістері басшылыққа алынды. Сонымен қатар, жұмыста жалпы логикалық, салыстырмалы талдау, контент-талдау әдістер қолданылды.

**Жүргізілген зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы,** осы зерттеуде берілген теориялық және тәжірибелік ұсыныстар КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманың әрі қарай дамуын жетілдіруге оң ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері негізінен осы саладағы уәкілетті орган үшін қызығушылық тудырады деп есептеледі.

Қаржы мониторингі жүйесінің құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар шет елдердің үздік практикаларына негізделетін болады.

Практикалық ұсынымдар КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманы пысықтау, ҚББ штатын кеңейту және осы саладағы уәкілетті орган қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

**Жобаның басты жұмыс болжамы:** Кірістерді жылыстату, терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландырумен күрес біздің еліміздің мемлекеттік саясатының ең жоғары саяси деңгейдегі басымдығы болып табылады, және оған ЕАТ бағалаушылар тобы КЖ/ТҚҚ жүйенін бағалау барысында көз жеткізе алады.

**Зерттеу объектісі** қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл жүйесі болып табылады.

**Зерттеу нысанасы** ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының ФАТФ халықаралық ұсынымдары және 2013 жылғы ҚЖ/ТҚҚ жүйелерінің тиімділігін бағалау әдіснамасы болып табылады.

**Зерттеу нәтижесінің апробациядан өтуі** 2021 жылдың 5 наурызыда "Ресей мен Еуропа: мәдениет пен экономика байланысы" атты ХХІХ халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында "Жаппай қырып-жою қаруын таратудың және оны қаржыландырудың алдын алу мен тоқтату жөніндегі Қазақстанның күш-жігері" атты мақала жарияланды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Магистрлік жоба кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер және қосымшалардан тұрады.

Осы уақытқа дейін қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл мәселелерін шетелдік сарапшылар кеңінен зерттеп жатыр. Алайда, осы тақырып бойынша отандық зерттеулердің жетіспеушілігі бар.

Бұл жоба дереккөздердің кең шеңберін зерттеу негізінде дайындалған.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Қазақстан Республикасының Заңы, ФАТФ халықаралық стандарттары, ФАТФ ұсынымдарына АЖ/ТҚҚ жүйелерінің сәйкестікті бағалау әдіснамасы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі қарарлары. Сондай-ақ, заңсыз кірістерді заңдастыруға, терроризмді қаржыландыруға және Қазақстанда жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін халықаралық құқықтық актілер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдері және басқа да нормативтік құқықтық актілер пайдаланылды.

Отандық және ресейлік зерттеушілердің ғылыми еңбектері. Мысалы, Мүсірәлі Өтебаевтың "Қазақстанның қаржы мониторингінің архитектурасы мен алгоритмдері" атты жұмысы. Аталған еңбек Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жүйесінің қалыптасуы мен даму мәселелеріне арналған. Қазақстанның қаржы мониторингі жүйесін дамуының бастапқы кезеңін қамтиды және осы саладағы алғашқы еңбек деп атасақ қателеспейміз.

Қазақстанның ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың қазіргі заманғы мәселелері Еуразия өңірінің "Еуразия өңірі мемлекеттерінің ҚЖ/ТҚҚ ұлттық жүйелерінің ерекшеліктері" атты еңбегінде Қазақстан Республикасына арналған 1-томда көрініс тапты. Аталған еңбек Ресей және Қазақстан сарапшыларының бірлескен жұмыс нәтижесі.

Осы саладағы ең маңыздыларының қатарына ресейлік зерттеушілердің ғылыми еңбектерін бөліп көрсету керек: В.А. Зубков пен С. К. Осиповтың "РФ халықаралық АЖ/ТҚҚ жүйесінде", бұл Ресейдегі қаржылық бақылау жөніндегі алғашқы ғылыми басылым, онда қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың әлемдік жүйесі мен халықаралық стандарттары егжей-тегжейлі зерттелген, осы қылмыстарды жасаудың әдістері мен типологиясы баяндалған.

Ғылыми монографиялардың ішінде В.И. Лафитский, А.М. Киринов және Н. А. Поветкиннің "Заңды тұлғалар мен құрылымдардың ашықтығы: ҚЖ/ТҚ тәуекелдерін азайту жолдары" жұмысын атап өту керек, бұл жұмыс түпкілікті (бенефициарлық) меншік иелері мен заңды тұлғаларды (құрылымдарды) бақылауды жүзеге асыратын ақпараттың қол жетімділігі, Ресей Федерациясындағы және осы салада тәжірибесі бар шет мемлекеттердегі құзыретті органдардың қызметі мәселелері бойынша.

О.А. Марковтың "Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласына қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әдіснамалық негіздері" атты еңбегі сыбайлас жемқорлықты алдын алудың және оны кейіннен заңдастырудың қаржылық схемаларының типологияларын, осы салаға қатысты қаржылық барлау (ҚББ) бөлімшелерінің қаржылық тергеулерді ұйымдастыру және жүргізу ерекшеліктерін қарастырады.

В.И. Лафитскийдің "Қылмыстық активтерді тоқтату, тыйым салу және тәркілеу тетіктерін, тәркіленген активтерді басқару тетіктерін қолдану перспективалары" атты монографиясын атап кетуге болады. Жұмыста қылмыстық активтерді тоқтату, тыйым салу және тәркілеу, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен шет мемлекеттердің (Австралия, Ұлыбритания, АҚШ, Қазақстан, Қытай, Латвия, Словения, Жапония және т.б.) заңнамаларындағы тәркіленген активтерді басқару мәселелерін регламенттеудің салыстырмалы-құқықтық талдауының нәтижелері көрсетілген.

## **1 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың халықаралық және ұлттық жүйесінің теориялық және құқықтық негіздері**

## **1.1 Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық жүйенің қалыптасуы**

2012 жылы ФАТФ Президенті болған Бьерн Аамо БҰҰмінбесінде сөйлеген сөзінде: "ФАТФ тоқсаныншы жылдардың басында пікірлес елдердің шағын тобынан отыз төрт ел, екі ұйым мүшелігі бар, және сегіз аймақтық бірлестіктен тұратын органға дейін өсті. Бұл аймақтық бірлестіктер ФАТФ типтес ұйымдар. Осы өңірлік органдар біздің жаңа мандатымызда жоғары мәртебеге ие және біздің барлық іс-шараларымызға, барлық жұмыс топтарымызға қатысады, олар белсенді, олардың құқықтары мен міндеттері бар. Жалпы, бұл 180-нен астам елден тұратын ҚЖ/ТҚҚ жаһандық желісі деп аталады және бұл елдер ФАТФ стандарттарын толықтай мақұлдады", деді. [5, 157 б]

### **ҚЖ / ТҚҚ жаһандық желісінің даму хронологиясы**

1989 жылғы шілдеде Парижде G7 ("Үлкен жетілік" - АҚШ, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия, Канада) кездесуінде Франция Президентінің бастамасы бойынша Ақшаны жылыстатумен күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобы (ФАТФ) / Financial Action Task Force) құрылады.

1990 жылы ақпанда бұл топ ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл бойынша Қырық ұсыныс әзірлейді.

ҚЖ/ТҚҚ саласындағы халықаралық ұйымдастырушы құрылымдарды дамыту шеңберінде 1995 жылғы маусымда қаржылық барлау бөлімшелерінің бейресми халықаралық бірлестігі - "Эгмонт" тобы құрылады. "Эгмонт" тобын құрудың негізгі себебі ұлттық қаржы мониторингі органдары арасында ақпарат алмасудың өсіп келе жатқан қажеттілігі болды.

2000 жылғы қаңтарда Бас Ассамблеяның 1999 жылғы 9 желтоқсандағы қарарымен қабылданған Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенция қол қою үшін ашылды. Онда қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар (мысалы, "терроризмді қаржыландырудың" криминализациясы), сондай-ақ қаржылық-құқықтық шаралар (клиенттерді сәйкестендіру, операциялар мониторингі, ақпарат алмасу, қаржы институттарын қадағалау және т.б.) бекітілді.

Жалпы, 1989 жылдан 2001 жылға дейінгі кезең қылмыстық кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық жүйенің қалыптасу кезеңі ретінде сипатталуы мүмкін.

Осы кезең барысында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл саласында халықаралық шарттар мен конвенцияларды орындау бойынша халықаралық-құқықтық база және әдістемелік ұсынымдар әзірленді, сондай-ақ осы салада ұйымдық-құрылымдық негіздер жасалды. Жоғарыда айтылғандай, аталған кезеңде қылмыстық кірістерді жылыстатумен күрес саласында ФАТФ және "Эгмонт" тобы сияқты екі негізгі халықаралық ұйым құрылады. Осы уақыт аралығында Вольфсберг тобының және банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің Халықаралық

банк қауымдастықтары құрылды, олардың мақсаттарының бірі қылмыстық кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл мәселелері болды.

Жалпы алғанда, бұл кезең "жылыстатуға қарсы" бағытты ұстанды, халықаралық қоғамдастық терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелеріне әлі де баса назар аудармады. Бұл "жылыстатуға қарсы" парадигманың өзгерісті кезеңі 2001 жыл болды.

Терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесін құру және КЖ/ТҚҚ саласындағы халықаралық ұйымдардың рөлін күшейту кезеңі 2001 жылғы 11 қыркүйектен, АҚШ-та террористік актілер жасалған күннен бастау алады.

АҚШ-тағы террористік актілер бүкіл халықаралық қауымдастыққа қауіп төндірді. 2001 жылғы қазанда ФАТФ терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөнінде Сегіз арнайы ұсыным шығарады, онда террористік актілер мен террористік ұйымдарды қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі бірқатар арнайы шаралар қамтылған. Осы арнайы ұсынымдар терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бөлігінде қырық ұсынымға қосымша болды. Олардың ішінде терроризмді қаржыландыруды қылмыстық құқық бұзушылық деп тану жөніндегі ұсынымдарды, терроризмді қаржыландыру мақсатындағы операцияларды анықтау жөніндегі жүйені ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарды және соның салдарынан террористердің активтерін тоқтату және тәркілеу мүмкіндігін бөліп көрсету қажет.

Жаппай қырып-жою қаруын тарату қауіпі 2003 жылы Пәкістаннан шыққан ядролық материалдар мен технологиялардың заңсыз саудасы ашылғаннан кейін пайда болды. Ұйымдасқан топқа Пәкістан, Алмания, Ұлыбритания, Швейцария, Шри-Ланка және Малайзиядан келген ғалымдар, инженерлер мен делдалдар кірді [6].

Бұл оқиға Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің, сондай-ақ экспорттық бақылаудағы ұлттық органдарының жүзеге асыратын экспорттық бақылаудың дәстүрлі шаралары мен әдістерінің жеткіліксіздігі фактісін ашты. Ядролық материалдар мен технологияларды таратпаудың классикалық режимдері мен тетіктері террористердің жаппай қырып-жою қаруына қол жеткізуіне кедергі келтірмеуі жағдайды ушықтырды. Нәтижесінде, 2004 жылғы 28 сәуірде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі 1540 қарарың қабылдады.

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі өз қарарлары шеңберінде жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл жасауға және оны қаржыландыруға екі деңгейлі тәсілді қолданады:

Біріншісі, 1540 (2004) қарарына сәйкес жаһандық тәсіл. Яғни, жаппай қырып-жою қаруын таратумен байланысты қызметті қаржыландыруға тыйым салатын әмбебап ережелер қабылданды.

Екінші, бұл 1718 (2006) және 2231 (2015) қарарларымен және нақты елдер бойынша БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің кейінгі қарарларымен елдік тәсіл, мысалы, Корея Халықтық-Демократиялық Республикасы және Иран Ислам республикасы

Осы қарарларға сәйкес атаулы қаржы санкцияларын қолдану жөніндегі міндеттемелерді мемлекеттің орындауы мен тиімділігінің мониторингі және оны бақылау ФАТФ міндетіне жатады.

ФАТФ мемлекеттерден: "әр бір мемлекет БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің терроризм қауіпі бар деп бекітілген тізімдеріндегі және ұлттық тізімдердегі жеке және заңды тұлғаларға ешқандай ақша қаражаты мен өзге де активтердің берілмеуін қамтамасыз етуі тиіс және ақша қаражатын немесе өзге де активтерді кідіріссіз тоқтатуы қажет. Осы ұсынымның мақсаты жаппай қырып-жою қаруын тарату мақсатында қаражат ағынын тоқтату тұрғысынан неғұрлым тиімді алдын алу шараларын қолдану» [7].

ФАТФ ұсынымдары қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс - қимыл саласындағы халықаралық стандарттарға айналды, атап айтқанда, бұл ұсынымдарды осы дәрежеде Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк, Еуропа Кеңесі, Еуропа Қайта құру және даму банкі, Интерпол, Еуропол, сондай-ақ қаржылық барлау бөлімшелерінің халықаралық кәсіби бірлестігі (ҚББ) - "Эгмонт" тобы да қабылдады.

2005 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі №1617 (2005) қарардың 7-тармағында БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттерді ФАТФ ұсынымдарын орындауға шақырады [8].

Осылайша, ФАТФ-тың қаржы мониторингі саласындағы халықаралық мамандандырылған ұйымның негізі ретіндегі рөлі күшейді, оның объектісі қылмыстық кірістерді жылыстату мәселелері ғана емес, сондай-ақ терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мәселелері де бола бастады.

КЖ/ТҚҚ жүйесінің халықаралық деңгейі – бұл КЖ/ТҚҚ саласындағы жалпы нормаларды, стандарттарды, ережелер мен ұсынымдарды әзірлеуге, сондай-ақ қылмыстарды анықтауға және жолын кесуге бағытталған мемлекеттер мен құрылған халықаралық ұйымдардың ұйымдастырылған қызметі. Бұл деңгейдің басты міндеті қаржылық қатынастарға қатысушыларға кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру жөніндегі қылмыстық әрекетті тиімді анықтауға және болдырмауға мүмкіндік беретін КЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесін ұйымдастыру үшін қажетті бірыңғай стандарттар мен талаптарды әзірлеу болып табылады.

### **КЖ / ТҚҚ жаһандық желісі**


Бүгінгі таңда ФАТФ-тың негізгі міндеті қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күресте халықаралық стандарттарды әзірлеу, ФАТФ типтес ұйымдастырылған сенімді және тиімді өңірлік органдарды дамыту және тиісті халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту.

Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі халықаралық стандарттардың жаһандық таралуында әлемнің түрлі өңірлерінде ФАТФ типтес құрылған өңірлік топтар маңызды рөл атқарады.

Аймақтық, өңірлік топтар дегеніміз-экономикада, мәдениетте және ұлттық менталитетте ұқсастығы бар көрші мемлекеттердің бірқатар экономикалық және саяси байланыстарының бірігуі, осылайша ФАТФ типтес аймақтық ұйымдар құрылады. ФАТФ өңірлік ұйымдармен әріптестік қатынастарды жүзеге асырады және қолдайды, сондай-ақ әдіснамалық қолдау көрсетеді және қатысушы елдердің КЖ/ТҚҚ саласындағы ұлттық заңнамасының ФАТФ ұсынымдарына сәйкестігі тұрғысынан өзара бағалауларға қатысады.

ФАТФ және ФАТФ типтес өңірлік топтар бірлесіп ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрестің халықаралық стандарттарын тарату және енгізу жөніндегі, сондай-ақ олардың ұлттық деңгейде орындалуын бақылау жөніндегі бірыңғай халықаралық жүйені (желіні) құрады.

Қазіргі уақытта әлемде ФАТФ типі бойынша 9 өңірлік топ бар, 1 суретте жаһандық КЖ/ТҚҚ жүйесі берілген.



3-сур. – КЖ / ТҚҚ жаһандық желісі

### ФАТФ ұсынымдары

ФАТФ 2012 жылы ФАТФ типтес өңірлік топтармен және Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк және БҰҰ өкілдерімен қоса, Ұсынымдарды қайта қарады және жаңартты. Өзгерістер жаңа және пайда болатын қауіптерді ескерді, қолданыстағы көптеген міндеттемелерді нақтылап және күшейтті.

ФАТФ ұсынымдары негізгі бірнеше топтарға бөлінеді:

- A. ҚЖ / ТҚҚ саясаты және үйлестіру
- B. Ақшаны жылыстату және тәркілеу
- C. Терроризмді және жаппай тарату қаруын таратуды қаржыландыру
- D. Алдын алу шаралары
- E. Заңды тұлғалар мен құрылымдардың ашықтығы мен бенефициарлық меншігі
- F. Құзыретті органдардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі және өзге де институционалдық шаралар
- G. Халықаралық ынтымақтастық [9. 6 б] .

Елдердің құқықтық, қаржылық, құқық қорғау және әкімшілік жүйелерде айырмашылықтары болғандықтан, осы ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін бірдей шаралар қабылдау мүмкіндігі жоқ. ФАТФ ұсынымдары елдер өздерінің ұлттық ерекшелігі мен құқықтық жүйелерінің ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген шаралар арқылы іске асыруы тиіс ең төменгі стандарттарды ғана белгілейді.

ФАТФ ұсынымдары өзге халықаралық актілердің тиісті ережелерін қайталамайды және ауыстырмайды. ФАТФ ұсынымдары келесі сұрақтарды қамтиды:

- ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеу бөлігінде ұлттық құқықтық жүйелерге қойылатын талаптар;

-КЖ / ТҚҚ мақсатында қаржы мекемелері қолдануы тиіс шаралар;

-КЖ/ТҚҚ жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін институционалдық шаралар;

-КЖ / ТҚҚ саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың кешенді жүйесін мемлекеттік органдардың күш-жігерімен ғана іске асыруға болмайды. Бірқатар бизнес субъектілері, сондай-ақ кәсіптердің кейбір түрлері осы құбылыстарға қарсы тұруға күш салуы керек.

Ұлттық заңдарда айқындалған барлық ҚМС санаттары өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыра отырып, сондай-ақ белгілі бір мән-жайлар басталған кезде ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыруға тиіс. Ол қаржылық жүйесіне ақша енгізу жолында тұрған алдыңғы қатарлы отряд ретінде және оларды жүргізуден бас тарту тетігін қолдану арқылы заңсыз қаржылық операциялардың жасалуын болдырмауды қамтамасыз ететін негізгі буын ретінде әрекет етеді.

Қаржы институттары қолданатын шараларды шартты түрде бес топқа бөлуге болады.

Бірінші топ-тиімді ішкі саясатты, бақылау рәсімдері мен нысандарын әзірлеуге, сондай-ақ лауазымды адамдардың тиісті біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар.

Екінші топ - клиентпен қарым-қатынас орнату кезінде тиісті сақтық және тиісті тексеру шаралары.



Үшінші топ-клиенттердің операцияларына тұрақты мониторингті жүзеге асыруға және олардың күдікті болып табылатындары туралы хабарлауға бағытталған шаралар.

Төртінші топ-клиенттер мен олардың операциялары туралы деректерді сақтауды ұйымдастыру шаралары.

Бесінші топ-ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ішкі жүйесінің кешенді және тұрақты аудитін және оны уақтылы жаңғыртуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар.

### **Өзара бағалау**

ФАТФ елдердің ақшаны жылыстатуға қарсы әмбебап стандарттарды енгізу процесінің қалай өтіп жатқанын белсенді түрде бақылайды. Проблемаларды реттеу жөніндегі жаңа үрдістерді, технологиялар мен шараларды қарайды және хабарлайды, нормалардың бүкіл әлемде таралуына ықпал етеді.

ФАТФ басқа жаһандық органдардан оның барлық стандарттарының сақталуын бағалаудың кешенді тетігі бар болуымен ерекшеленеді. ФАТФ бағалау әдіснамасы мемлекетті бағалау жүргізу үшін әлеуетті үлкен маңызға ие.

Өзара бағалау, бұл елдердің ФАТФ стандарттарын сақтау дәрежесін анықтау тәсілі ретінде қызмет ететін механизм, бұл өз алдында елдерге қысым көрсетудің бір түрі ретінде қолданылады.

Өзара бағалаудың негізгі мақсаты-ФАТФ ұсынымдарына техникалық сәйкестікті, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесінің тиімділігінің деңгейін бағалау.

Бағалау қорытындылары бойынша бағалау туралы бірлескен есеп жасалады, ол ФАТФ-тың (оның ішінде ХВҚ немесе Дүниежүзілік банк жүргізетін өзара бағалау жағдайында) немесе тиісті Өңірлік топтың жалпы отырысының бекітуіне ұсынылады. Бұл есептер жариялануға жатады және талаптардың жеткіліксіз сақталуы туралы қорытынды жасалған жағдайда, есепте қамтылған ұсынымдар негізінде бағаланған мемлекетке КЖ/ТҚҚ режимін жетілдіру ұсынылады.

### **ФАТФ тізімдері**

ФАТФ 2000 жылы капиталды жылыстатумен күрес ісінде ынтымақтаспайтын юрисдикциялардың тізімдерін жариялауды бастады.

ФАТФ жылына үш рет шығарылатын ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен (КЖ/ТҚҚ) күрес жөніндегі әлсіз шаралары бар юрисдикцияларды айқындайтын екі жария құжаттарын шығарады. АЖ / ТҚҚ әлсіз режимдері бар елдердің тізімін жариялау бойынша ФАТФ процесі тиімді болып шықты.

ФАТФ КЖ/ТҚҚ саласындағы жаһандық үйлестіруші ретінде ақшаны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру тәуекелдерінің туындау факторын жете қадағалайды, сол себептен ол КЖ/ТҚҚ режимі жоқ не болмаса осы саладағы заңнамадағы кемшіліктері бар елдер мен аумақтардың диагностикасын жүргізеді. Тіпті ФАТФ мүшелері болып табылатын елдерде (яғни КЖ/ТҚҚ ұлттық режимін қалыптастыру бойынша оның талаптарын толық

көлемде сақтауға өзіне міндеттеме қабылдаған) ФАТФ ұсынымдарының негізгі ережелерін енгізу бөлігінде олқылықтар бар мемлекеттер анықталады.

«2020 жылғы ақпандағы жағдай бойынша ФАТФ 100-ден астам ел мен юрисдикцияға шолу жасап және олардың 80-ін жария түрде анықтады. Осы 80 елдің 60-ы содан бері КЖ/ТҚҚ саласындағы кемшіліктерді жою үшін қажетті реформаларды жүргізді және бақылау процестен шығарылды» -деп ФАТФ ресми интернет порталында қазіргі ахуалды аттап өтті[10].

ФАТФ ұсынымдарын елемейтін мемлекеттер экономикалық санкцияларға және елеулі қаржылық шығындарға ұшырайды. Тиісті қарсы шараларды қолдану мүмкіндігін іске асыру үшін ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын немесе толық орындамайтын елдердің компаниялары мен қаржы мекемелері мен азаматтарымен іскерлік қатынастарға және мәмілелерге ерекше назар аударғаны жөн .

Сондықтан елдер қылмыстық кірістерді жылыстатуға қарсы тиімді жұмыс құруға тырысады, өйткені қара тізімге кіру халықаралық беделге теріс әсер етеді және осы мемлекеттің халықаралық экономикалық байланыстарының дамуын қиындатады.

Төмендегі 1-кестеден ФАТФ-тың қазіргі уақытта екі құжат бойынша белгіленетін мемлекеттер тізімін және соларға қатысты шаралармен таныса аласыздар.

#### 1-кесте. ФАТФ тізімдері

<p>Қауіпі жоғары юрисдикциялар бойынша ФАТФ әрекетке шақыратын тізім елдер ішінде <b>«Қара тізім»</b>, ресми <b>"Іс-әрекетке шақырылатын жоғары тәуекелді юрисдикциялар"</b> мәлімдемесі деп аталады. Бұл елдер ФАТФ-қа мүше мемлекеттер мен басқа да халықаралық ұйымдар тарапынан экономикалық санкцияларға және басқа да тыйым салу шараларына ұшырайды</p>		
Қолданылуы тиіс шаралар	Тізімдегі мемлекеттер:	Ескертпе:
<p>ФАТФ-ң Ашық жариясына сәйкес «қара» тізімдегі мемлекеттермен қаржылық мекемелерге іскерлік байланыс орнату кезінде жеке және заңды тұлғаларының операцияларына күшейтілген шаралар қолдануды қажет.</p> <p>Осыған байланысты, жеке және заңды тұлғалары тізімдегі елдермен байланысты коммерциялық операциялар жүзеге асыру кезінде компанияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жаза шаралары тізіміне енгізілмегендігін көз жеткізу тиіс, бұл</p>	<p>Иран Ислам Республикасы; Корей Халықтық Демократиялық Республикасы</p>	<p>бұл тізім 2020 жылдың ақпан айынан өзгерген жоқ</p>

шектеулер орындалмаған жағдайда транзакцияға және қаражатқа тосқауыл қойылады.		
<p><b>"Күшейтілген мониторинг бақылауындағы юрисдикциялар"</b> мәлімдемесінде ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және таратуды қаржыландыруға қарсы өздерінің режимдеріндегі стратегиялық кемшіліктерді жоюда ФАТФ-пен белсенді ынтымақтасатын елдер көрсетілген. Бұл тізім көбінесе <b>"сұр тізім"</b> деп аталады, егер мемлекет өзіне алған міндеттемелерді орындамаса, ондай мемлекет Қара тізімге ілінері сөзсіз.</p>		
Қолданылуы тиіс шаралар	Тізімдегі мемлекеттер:	Ескертпе:
<p>АЖ/ТҚҚК саласындағы кемшіліктерді жоюға бағытталған іс-қимыл жоспарларын әзірлеуде ФАТФ-пен ресми түрде ынтымақтасуға міндеттенді. Бұл тізімге ену қара тізімге енгендей маңызды емес, алайда әдетте санкциялар мен қара тізімге енудің жаршысы болып саналады. Аталған юрисдикциялар қаржылық операциясына өзге елдер күшейтілген тиісті тексеру процедурасын жүргізу қажет.</p>	<p>Албания, Барбадос Ботсвана, Буркина-Фасо, Камбоджа Каймановы острова, Гана, Ямайка, Маврикий Марокко, Мьянма Никарагуа, Пәкістан Панама, Сенегал Сирия, Уганда Йемен, Зимбабве</p>	<p>2021 жылдың ақпан айындағы отырыс нәтижесінде белгіленген 18 юрисдикциялар</p>

Халықаралық және ұлттық қадағалау органдары мен реттеушілердің назары, ең алдымен, КЖ/ТҚҚК саласында туындайтын қаржылық қауіпсіздікке төнетін қатерлерге және қаржы институттарының ақшаны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру процестерінде пайдаланудың алдын алуға шоғырланады.

## **1.2. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың Еуразиялық аумақтық ынтымақтастығы**

Қазіргі таңда әлемнің көптеген өңірлерінде құрылған ФАТФ типтес өңірлік топтар қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың халықаралық саясатының тетіктерін іске асырудағы маңызды буыны болып табылады.

Халықаралық стандарттарды тарату және тиімді қолдану үшін әлемнің әртүрлі өңірлерінде географиялық белгісі бойынша елдерді біріктіретін ФАТФ типтес дербес 9 өңірлік топ құрылды.

Олардың бірі Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ немесе ЕАТ болып табылады.


Еуразиялық топ мүше мемлекеттердің жиынтық аумағы мен халық саны тұрғысынан алғанда осындай құрылымдардың ішіндегі ең ірісі болып табылады.

ЕАТ-қатысушы мемлекеттері Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Беларусь, Үндістан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан болып табылады. Еуразиялық Топтың байқаушылар құрамында 15 мемлекет және 23 халықаралық және өңірлік ұйым бар.

Аталған топ 2004 жылы құрылды, Қазақстан ЕАТ тобының негізін қалаушы мемлекеттердің бірі болды.

2011 жылы ЕАТ-ты үкіметаралық ұйым етіп қайта құру туралы келісімге қол қойылды.

2012 жылғы ақпанда Қазақстан мемлекет басшысы ЕАТ туралы келісімді ратификациялау туралы заңға қол қойды.



4- сур.—Өзара бағалау процедурасы

Топтың құрылуы еуразиялық аймақтағы ақшаны жылыстатумен күресудің тиімді жүйелерін қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі күш-жігердің басталуымен тұспа-тұс келді.

ЕАТ-тың негізгі мақсаты өңірлік деңгейде тиімді өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты және ЕАТ-қа мүше мемлекеттердің қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ФАТФ ұсынымдарына сәйкес жаһандық халықаралық жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады.

Магистрлік жұмыс Қазақстанның КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманың құқық қолдану аспектісін талдауға бағытталған. 2022 жылы ЕАТ-тың арнайы бағалаушы-сарапшылары Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ жүйесін өзара бағалауын өткізеді. Өзара бағалау процедурасын 4-суретте көре аласыздар. ЕАТ Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ құқықтық және институционалдық жүйесінің ФАТФ-тың белгіленген халықаралық стандарттарына сәйкестігін арнайы ФАТФ-тың методологиясымен бағалайды және жүйенің техникалық сәйкестігі мен тиімділігі рейтингтерін береді. Берілген рейтингтер белгілі бір міндеттемелерді жүктейді, олардың орындалмауы / төмен болуы елімізге қолданылатын экономикалық сипаттағы санкцияларға әкелуі мүмкін.

ЕАТ процедурасына сәйкес, бағалау туралы қорытынды есепті талқылау және бекіту қорытындылары бойынша мемлекет ЕАТ-тың стандартты немесе күшейтілген мониторингі процедурасына қойылуы мүмкін.

Стандартты мониторинг мемлекеттердің өзара бағалау нәтижелерін үнемі жаңартып отыруын көздейді және бағаланатын елге қатысты талаптардың ең аз жиынтығын білдіреді.

Күшейтілген мониторинг процедурасындағы мемлекеттер, әдетте, жалпы отырысқа жылына 1 рет есеп беретін болады. Егер үш жыл ішінде КЖ/ТҚҚ жүйесінде ілгерілеу болмаған немесе нашарлау болған жағдайда, ЕАТ төрағасы жауапты министрлерге немесе мемлекет басшылығына КЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесінде бар проблемаларды көрсете отырып және оларды тез арада түзетуге шақыра отырып хат жолдайды.

ЕАТ-тың ресми сайтында, мемлекеттегі КЖ/ТҚ тәуекелдері туралы жария мәлімдеме орналастырылады, ашық жария ЕАТ, ФАТФ және Өңірлік топқа мүше мемлекеттерге, сондай-ақ осы мемлекетпен қаржылық қатынастар кезінде КЖ/ТҚ тәуекелдерін ескеруге шақыра отырып, жеке секторға жолданады. Егер осыдан кейін елде прогресс болмаса, ЕАТ осы мемлекетті ФАТФ алаңына, ФАТФ-тың халықаралық өзара іс-қимылын шолу жөніндегі топтың (ICRG) талқылауына шығарады, бұл жағдай мемлекеттің ЕАТ-қа мүшелігін тоқтата тұруға әкеп соғады.

Егер ел елеулі кемшіліктер анықталған және оларды жоюда жеткілікті прогреске қол жеткізілмеген ФАТФ-тың тізімдерінің бірінде көрсетілсе, онда мемлекет үшін экономикалық теріс салдары артады.

2019 жылғы ЕАТ-тың қорытынды есебіне жүгінсек 2019-2020 жылдары ЕАТ үшін өзекті мәселелердің бірі:

КЖ / ТҚҚ ұлттық жүйелерінің тиімділігін арттыру аясында еуразиялық өңір деңгейінде цифрлық активтерді құқықтық реттеу мәселелері;

Криптовалюталар арқылы кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру әдістері және осы құбылыспен күресудің тиімді шаралары;

Құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ФАТФ-тың келесі ұсынымдардың аясындағы жұмыс: 4 (қамтамасыз ету шаралары және тәркілеу); 30(құқық қорғау және тергеу органдарының міндеттері); 31(құқық қорғау және тергеу органдарының өкілеттіктері); 38(өзара құқықтық көмек: тоқтату және тәркілеу),40 (ынтымақтастықтың өзге де нысандары)және осы ұсынымдармен тікелей байланысты жүйенің нәтижелілігі мәселелері.

ЕАТ АЖ/ТҚ мәселелері бойынша өзге де халықаралық ұйымдардың жұмыстарында белсенді қатысады. Мысалы 2019 жылы ЕАТ Хатшылығы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің терроризммен күреске қатысты қарарларының орындалуын бағалауға бағытталған Қырғызстан және Өзбекстан елдеріне БҰҰ Террорға қарсы комитетінің Директоратының бағалау сапарының делегациясының мүшесі болды.

2019 жылғы қазанда Мәскеуде (Ресей Федерациясы) Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Халықаралық конференциясы аясында ЕАТ хатшылығы баяндама жасап, Еуразиялық өңірдің терроризмді қаржыландыруға қарсы жұмыс бойынша жүргізілген бейінді типологиялық зерттеулер мен жұмыс қорытындыларынмен таныстырды. Аталған конференция мақсаты халықаралық терроризмге қарсы күрестегі ұйымдардың негізгі мақсаты-тәсілдер мен синергияны жақындастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, халықаралық терроризмге қарсы күрес саласындағы неғұрлым өзекті міндеттерді шешу үшін халықаралық және өңірлік ұйымдардың әлеуетін арттыру.

ЕАТ атқарушы хатшысы ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының атқарушы комитетінің жетінші халықаралық ғылыми - практикалық конференциясына қатысып, соңғы жылдары ТҚ саласында Еуразиялық Топтың атқарған жобаларын атап өтті: «Адамдарды тізбеге енгізу тетіктері жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» (2016), «ЕАТ аймағындағы шетелдік террористтердің қаржылық профилінің бірыңғай моделі» (2017) , және «Террористік ұйымдарға террористерге билеттер сатып алуға жәрдемдесетін тұлғаларды айқындау» (2018) [11].

Қаржылық жүйеде пайда болып жатқан жаңа сын-тегеуріндерге жедел түрде тосқауыл және алдын алу керек. ЕАТ еуразиялық өңірдегі мүше мемлекеттердің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл тетіктерін құруда үлкен рөл атқарады .

### **1.3. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың қазақстандық жүйесі және оның негізгі элементтері**

КЖ / ТҚҚ ұлттық жүйесінің шекарасы оның ұйымдық-функционалдық құрылымын айқындайтын ұлттық заңнама болып табылады. КЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесінің орталығында қаржылық саласында жасалатын операцияларға тұрақты бақылау жүргізетін ҚББ орналасқан. Өз кезегінде, құқық қорғау органдары ҚББ-дан алынған хабарламаларды тексереді, әкімшілік және қылмыстық істер өндіріске қабылданады және сот шешімдері шығарылады. Жалпы, КЖ/ТҚҚ

ұлттық жүйесі-бұл мемлекеттік институттардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға байланысты заңсыз қызметті анықтауға және жолын кесуге бағытталған бақылау, қадағалау, қаржы мониторингі және құқық қорғау қызметінің белгіленген ұлттық құқықтық өрісіндегі және халықаралық стандарттар шеңберінде әрекет ететін күрделі ұйымдасқан өзара іс-қимыл.

2003 жылы ФАТФ-тың қайта қаралған халықаралық стандарттарының, 29-ұсынымда былай делінген: "Күдікті операциялар (мәмілелер) және ақшаны жылыстатуға, предикатты қылмыстарға және терроризмді қаржыландыруға қатысты өзге де ақпарат туралы хабарламаларды жинау және талдау үшін және талдау нәтижелерін тиісті құзыретті органдарға беру үшін ұлттық орталық қызмет ретінде әр бір мемлекет қаржылық барлау бөлімшесін құруы тиіс "[12].

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті құзыретіне қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді және талдауды жүзеге асыру кіретін әкімшілік орган ретінде Тұңғыш Президенттің жеке тапсырмасы бойынша 2008 жылғы сәуірде құрылған еді.

2009 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Сонымен қатар, Қазақстанның қолданыстағы 26 Заңына өзгерістер енгізілген еді.

2018 жылғы 5 қазанда Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі міндеті көлеңкелі экономикамен күрес болуға тиіс Қаржы мониторингі комитетіне функцияларын бере отырып, Экономикалық тергеу қызметін қайта құру қажет. Біз «қолма-қол ақшасыз экономикаға» бет бұруымыз керек» [13] деген еді.

2019 жылдан бастап алғашқы Президенттің Қазақстан халқына жолдауын іске асыру аясында Экономикалық тергеу қызметі Қаржы мониторингі комитеті аясында құқық қорғау блогы ретінде кірді. Осы мезгілден бастап аталған орган қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді, жаппай қырып жою қаруын таралуын қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ, экономикалық, қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша жұмысты жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органы және Қазақстанның ҚББ болып табылады.

2021 жылғы 28 қаңтардағы №501 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетін қайта құру жолымен Агенттік құрылды.

Жоғарыда көрсетілген Жарлық Қаржы мониторингі комитетінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің юрисдикциясынан шығарып, Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігін Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағындырды. Экономикалық тергеу қызметінің 2110 бірлік көлеміндегі қызметкерлері жаңа лауазымдарға ауыстырылды, сондай-ақ 17 өңірде аумақтық департаменттер құрылды. Төменде берілген 5-суретке сәйкес Агенттіктің қазіргі құрамы көрсетілген.



5-сур.- Агенттіктің құрылымы

Экономикалық тергеу қызметінің 2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес 2021 жыл соғына дейін қол жеткізілетін көрсеткіштер: 1) көлеңкелі экономика көлемін 40% - ға төмендетуге (қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар мен бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайту); 2) бизнеске әкімшілік қысымды іс жүзінде 10 есеге дейін қысқартуға; 3) инвесторлардың сенімін арттыруға [14] бағытталған.

КЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды шарты оған кіретін ведомстволар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру болып табылады.



Мүдделі атқарушы органдармен өзара іс-қимыл сапасын арттыру мақсатында Агенттік ынтымақтастық туралы ведомствоаралық келісімдер және бірлескен бұйрықтар жасасты.

КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-1-бабы 3-тармағының негізінде құрамында КЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесіне кіретін барлық құзыретті органдардың басшылары, қаржы мониторингі субъектілерінің атынан өкілдік ететін кәсіби қауымдастықтар мен бірлестіктердің басшылары немесе олардың орынбасарлары қатысатын заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді.


2019 жылдан бері Комплаенс кеңесі жұмыс атқаруда. Бұл кеңес-уәкілетті органмен тікелей диалогтың, ақпарат алудың, кері байланыстың бірегей мүмкіндігі, және қазақстандық қаржы секторымен тәжірбие алмасу алаңы болып табылады. КЖ/ТҚҚ саласындағы бақылаудың тиімді ішкі қағидаларын құру және осы мәселе бойынша пікір алмасу, сондай –ақ КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнамалық өзгерістерді талқылау үшін өте маңызды консультативтік орган.

КЖ/ТҚҚ туралы заңы - Агенттіктің және жалпы осы жүйеге қатысы бар құзыретті органдармен ұйымдардың жұмысын, ара-қатынасын белгілейтін механизм болып табылады. Төменде көрсетілген 2-кестеде, осы заңның аясына кіретін қазақстандық КЖ/ТҚҚ жүйесінің қатысушыларың көре аласыздар.

#### 2-кесте. КЖ/ТҚҚ жүйесінің қатысушылары

<b>Қаржы мониторингі жүйесінің қатысушылары</b>		
<b>Уәкілетті орган: Қаржылық мониторинг агенттігі</b>		
<b>Қаржы мониторингі субъектілері</b>	<b>Бақылаушы мемлекеттік органдар</b>	<b>Құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар</b>
16 қаржы мониторингі субъектісі -Қаржы ұйымдары; -Қаржылық емес ұйымдар және кәсіптер; -АХҚО қатысушылары	- Ұлттық банк -Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі -Әділет министрлігі -Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі -Сауда және Интеграция министрлігі -АХҚО-ның Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті	-Бас прокуратура -Ішкі істер министрлігі -Ұлттық қауіпсіздік комитеті -Агенттіктің Экономикалық тергеу қызметі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі -Сот органдары

Әлемдік тәжірибие бойынша ҚББ төрт түрлі түрден тұруы мүмкін: Әкімшілік түрі; Құқық қорғау түрі; Сот немесе прокурор түрі; "Гибрид". Қазақстандық КЖ/ТҚҚ жүйесі алғашында әкімшілік типтегі ҚББ болып құрылған, 2019 жылы экономикалық тергеу қызметі қосылып, қазіргі уақытта әкімшілік және құқық қорғау блоктарынан тұратын «Гибридті» және республика Президентіне тікелей бағынатын ҚББ айналды. «Эгмонт» ҚББ ұйымы ҚББ-ның оперативті тәуелсіздігі мен дербестігі болуын ұсынады. Оған себеп, ҚББ өз функцияларын еркін орындау үшін дербес өкілеттіктер мен мүмкіндіктерге ие, соның ішінде нақты ақпаратты талдау, сұрау және/немесе тарату үшін автономды шешім қабылдау қажет.



6-сур.-Агенттіктің міндеттерімен функциялары

Агенттіктің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы №515 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Ережемен реттеледі.

Агенттіктің басты міндеттерімен функциялары бойынша ақпаратты төмендегі 6- суретте көрсетілген.

### Құқықтық жүйе және институционалдық шаралар

ФАТФ ұсынымдары КЖ/ТҚҚ саласындағы базалық құжат болып табылады, оның негізінде ұлттық заңнамалар әзірленеді.

ФАТФ-тың ұсынымдарына сәйкес, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

саласындағы заңнаманы қабылдау қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттің тиімді қызметін тану үшін жеткіліксіз болып табылады. Өйткені, ақшаны жылыстату тәсілдері өзгеріссіз қалмайды: ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен айналысатын адамдар жаңа құрылымдардың қатысуымен жаңа тетіктерді игереді, сондай-ақ қаржы жүйесін пайдаланудың тексерілген және өзін дәлелдеген тәсілдерін жетілдіреді. Сондықтан қолданыстағы заңнамаға үнемі мониторинг жүргізу және ақша қаражатымен және басқа мүлікпен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар берген ақпаратты талдау өте маңызды.

Қазақстанның ФАТФ халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан алғашқы өзара бағалауы 2010 жылғы қазаннан бастап 2011 жылғы сәуірге дейін өтті. «Өзара бағалау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасына 34 ұсыным бойынша "ішінара сәйкестік" және "сәйкессіздік" бағалары қойылды»[15]. "Ішінара сәйкестік" - бұл мемлекет бірқатар маңызды шараларды қабылдап және кейбір маңызды өлшемдерге сәйкес келуі. "Сәйкессіздік" үлкен кемшіліктерге ие, көптеген маңызды критерийлерге сәйкес келмеуі.

### **Халықаралық ынтымақтастық**

2011 жылы Агенттік (Қаржы мониторингі комитеті болған кезде) Қазақстан Республикасының атынан Эгмонт әлемінің қаржылық барлау бірлестігінің мүшесі болды. Эгмонт тобының құрамына кіру шет мемлекеттермен ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және Агенттік жұмысының жеделдігін жақсартуға, Egmont Secure Web қорғалған желі арқылы шетелдік әріптестермен ақпарат алмасуды нығайтуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда топ әлемнің 170-тен астам юрисдикциясының ҚББ біріктіреді.

Халықаралық ынтымақтастықтың рөлі ұлттық күш-жігерді қолдау және толықтыру болып табылады. Белгілі бір елдің тұрақты даму жолымен жүру қабілеті көбінесе оның халқы мен мекемелерінің мүмкіндіктерімен, сондай-ақ оған тән экологиялық және географиялық жағдайлармен анықталады. Осыған байланысты, өңірлік ынтымақтастықтың рөлі басым болып табылады.

Президент Тоқаев Қ.Қ. бейнеконференция арқылы өткен ТМД мемлекет басшылары кеңесінің отырысында атап өткендей: "ТМД негізгі мәселелер бойынша жақындасудың маңызды тетігі болып қала береді және оның барлық қатысушыларына пайда әкеледі»[16].

Өңірлік ынтымақтастық КЖ/ТҚҚ саласындағы маңызды құрал болып табылатынын түсіне отырып, 2012 жылы Ашхабад қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қаржылық барлау бөлімшелері басшыларының кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) құрылды.

Бұл Кеңестің мақсаты ҚББ мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің басқа да мүдделі органдарының қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

Кеңес құру туралы келісімге ТМД – ға қатысушы жеті мемлекеттің: Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қазақстан

Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының және Украинаның басшылары қол қойды (Украинадан басқа барлық елдер үшін Келісім күшіне енді).

2011 жылы Қазақстандық жүйенің бірінші бағалау нәтижесінде ЕАТ сарапшылары «Қазақстандық ҚББ операциялықтәуелсіздігінің белгіленген әлеуетті шектеуіштері "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Конституциялық заңмен қатаң регламенттелген және құқықтық тұрғыдан ҚББ ҚР Үкіметінің құрылымына кірмейтін және тікелей ҚР Президентіне бағынатын агенттікке қайта құрылған жағдайда ғана жойылуы мүмкін» [17, 846]– деп баға берген еді.

Қорыта келгенде, қазақстандық ҚББ кәзіргі таңда дербес уәкілетті орган. КЖ/ТҚҚ туралы заңда уәкілетті органның құзыреті құқықтары мен міндеттері, өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл, халықаралық ынтымақтастық мәселелері, ҚМС қаржы мониторингіне жататын мәліметтерді Агенттікежолдау жөніндегі міндеті бекітілген.

ҚМС-ның қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды беру туралы сұрау салуларын жіберуге, сондай-ақ сұрау салу бойынша қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер бойынша талдау жүргізу не тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдаудакең өкілеттіктерге ие.

КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен өзінің ақпараттық жүйелерінен және ресурстарынан мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Сонымен қатар, Комитет КЖ/ТҚҚ саласындағы мемлекеттік саясатты айқындайтын, сондай-ақ осы саладағы басқа да мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіретін жалғыз орган болып табылады.

2020 жылы КЖ/ТҚҚ туралы заңға енгізілген толықтыруларға сәйкесАгенттікке реттеуші мемлекеттік органы жоқ ҚМС қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы214 және 465 баптарына сәйкесхаттамалар жасау жөнінде өкілеттіктер берілді.Агенттік тарапынан бақылау объектілері болып келесі ҚМС табылады:

1. Бойынша тәуелсіз мамандар мәселелері бойынша заң консультанттары;
2. Лизингтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар лизинг беруші ретіндегі қызмет лицензиясыз;
3. Риэлторлар;
4. Лизингтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар лизинг беруші ретіндегі лицензиясыз қызмет;
5. Бухгалтерлік ұйымдар және кәсіби есепшілер.

Аталған ҚМС қызметтің басталғаны туралы хабарламаны Агенттіке жібермей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Қадағаланатын субъектілердің заңнама талаптары және АЖ/ТҚ өзекті тәуекелдері туралы хабардар болу деңгейін арттыру жұмысы Комплаенс кеңесі арқылы жүргізіліп жатқанымен, заңнама нормаларын дұрыс қолданылуы бойынша қадағалау қажеттілігі бар.

Осы нормаларды тиісті атқару үшін Агенттіктің әкімшілік блогының қызметкерлері аумақтық департаменттерде кем дегенде екі қызметкер қызмет атқару керек. Қазіргі таңда, елімізде 17 аумақтық Экономикалық тергеу департаменттері жұмыс атқарады.

**2 КЖ / ТҚҚ ұлттық жүйесінің ағымдағы жағдайын талдау**

## 2.1 Ұлттық жүйенің өзекті мәселелері және оны талдау

Қазіргі уақытта КЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі бойынша ЕАТ-ты бағалаудың келесі кезеңіне (2022 жылғы сәуірге белгіленген) дайындық маңызды бағыт болып табылады. ЕАТ Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ құқықтық және институционалдық жүйесінің ФАТФ-тың белгіленген халықаралық стандарттарына сәйкестігін бағалайды және елге жүйенің техникалық сәйкестігі мен тиімділігі рейтингтерін береді. Берілген рейтингтер белгілі бір міндеттемелерді жүктейді, олардың орындалмауы елге қолданылатын экономикалық сипаттағы санкцияларға әкелуі мүмкін. Бұл жұмыста КЖ/ТҚҚ заңнамасының халықаралық стандарттарға тек техникалық сәйкестігіне талдау жүргізілетінін тағы да атап өту қажет.

Ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру әртүрлі әлеуметтік қауіпті әрекеттер болып табылатындығына және оларды тергеуді әртүрлі құқық қорғау органдары жүргізетіні белгілі, бірақ Агенттік бұл қылмыстардың кешенді алдын-алуды арнайы құқық қорғау органдарымен қатар қамтамасыз етеді. Осылайша, Қаржы агенттігі мониторинг жүйесіндегі және КЖ/ТҚҚ жүйесіндегі негізгі буын болып табылады, өйткені бір жағынан, жеке және заңды тұлғалардың, қаржы мекемелерінің қаржы мониторингі рәсімдерінің талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыратын болса екінші жағынан, құқық қорғау органдарының қызметін интеграциялайды.

2000 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 193-бабының "заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті жария ету" пайда болуы елде КЖ/ТҚҚ құқықтық жүйесін одан әрі қалыптастыру үшін іргетасы болып қаланды (Ескертпе: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген № 226-V жаңа Қылмыстық кодексінде аталған қылмыс 218-бабымен криминализацияланды) [18].

Агенттік КЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізеді. ЕАТ-тың алдыңғы бағалауы нәтижесіндегі ескертулерді жою мақсатында біршама шаралар қабылдады. КЖ/ТҚҚ Қазақстандық жүйесінің ілгерілеуіне қол жеткізу мақсатында ұлттық заңнамаға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге қажетті өзгерістерді дәйекті түрде енгізу жолымен халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілуде, оларды қолдану практикасы жетілдірілуде.

Осыған байланысты 11 жыл ішінде қазақстандық қаржы мониторингі жүйесі дамып және жетілдірілуде, заңнамалық қызмет бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

Бүгінгі таңда КЖ/ТҚҚ қазақстандық жүйесі ақша қаражаттарының жылыстауына және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылмен байланысты көптеген міндеттерді шешуге қол жеткізілгенін көрсетеді. КЖ/ТҚҚ туралы Заңға қол қойылған сәттен бастап 2012, 2014, 2015 және 2020 жылдары ауқымды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін түзету сипатындағы өзгерістер мен толықтырулар жеті рет енгізілді.

Төменде көрсетілгендей қабылданған нормативтік құқықтық актілер кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін барынша азайту бойынша норма шығармашылығы саласындағы КЖ/ТҚҚ бойынша уәкілетті орган қызметінің тікелей нәтижесі болып табылады. Заңның нормалары превентивті сипатқа ие және ұлттық қаржы жүйесінің қауіпсіздігін арттыруға, кәсіпкерлік субъектілері мен коммерциялық емес ұйымдарды оларды ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланудан қорғауға бағытталған.

1. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңы (КЖ/ТҚҚ туралы ҚР Заңы) мыналарды айқындайды::

- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері;
- қаржы мониторингі субъектілерінің, уәкілетті органның және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының КЖ/ТҚҚ саласындағы құқықтық қатынастары;
- терроризмнің алдын алуға және оны болдырмауға және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратудың және оны қаржыландырудың алдын алуға, оған кедергі келтіруге және тоқтатуға қатысты мақсатты қаржылық санкцияларды іске асыру тетіктері.

2. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 21 маусымдағы №19-V Қазақстан Республикасының Заңы.

Заңның түзетулері мыналарға бағытталған:

- адвокаттар орындайтын конституциялық маңызы бар миссия мен олар үшін заңмен енгізілетін өз клиентінің күмәнді қаржылық мәмілелері туралы уәкілетті органды хабардар ету жөніндегі міндеттің арасындағы жанжалды болдырмайтын құқықтық тетіктерді бекіту;
- заңға банктік салымды тоқтата тұру бөлігінде тікелей қолданылатын нормативтік-құқықтық акт мәртебесін беру, қаржы мониторингі субъектілері үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту, қаржы мониторингіне жататын күдікті операцияларды тоқтата тұру тәртібі құпиясын қамтитын мәліметтерді уәкілетті органға беру тәртібі;
- терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінен ұйымдарды немесе жеке тұлғаларды алып тастайтын тетіктерді бекіту.
- азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үшін Бас прокуратураның қадағалау функциясын күшейту.
- ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру бойынша күдікті операциялардың критерийлерін белгілеу;

- төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының оларда тиісті жабдықтың (құрылғының) жоқтығы үшін әкімшілік жауапкершілігін белгілеу);
- заңды тұлғалар арасындағы мәміле бойынша жүзеге асырылатын қолма-қол есеп айырысудың шекті сомасын төмендету.

3. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" "Қазақстан Республикасының 10.06.2014 № 206-V Заңы. Заңда Қазақстан Республикасының 32 заңнамалық актісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

- уәкілетті органның құзыреті: КЖ/ТҚ тәуекелі жоғары елдердің тізбесін жасау; қаржы мониторингі субъектілерінің кадрларын даярлауға және оқытуға қойылатын талаптарды бекіту; КЖ/ТҚҚ саласындағы халықаралық бірлестіктер мен өзге де жұмыс топтарының қызметіне қатысу бөлігінде кеңейтіледі;
- қаржы мониторингі субъектілерінің тізбесіне: кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер; микроқаржы ұйымдары; банктер болып табылмайтын электрондық ақша жүйелерінің операторлары кіреді;
- қаржы мониторингі субъектілері үшін: клиенттерді тиісінше тексеру және ішкі бақылауды жүргізу бойынша қосымша талаптар белгіленген;
- күдікті операцияларды тоқтата тұру бойынша қосымша шарттар белгіленді: қаржы мониторингі субъектілеріне Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне кіретін ұйымдар мен тұлғалардың банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын жүргізуге тыйым салынады;
- уәкілетті орган арнайы және құқық қорғау органдарының шешімі бойынша осы операция 30 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге Терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландыруға бағытталған деп пайымдауға негіз бар күдікті операцияны тоқтата тұру туралы шешім шығарады.
- "Ақша төлемдері мен аударымдары туралы", "Пошта туралы" және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" заңдарға түзетулер енгізіледі, оларға сәйкес Ұлттық пошта операторының КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы сақтауын бақылауды: Ұлттық Банк (ол қаржылық қызметті жүзеге асырған және қаржылық қызметтерді көрсеткен кезде) және көлік және коммуникация министрлігі (ол пошта байланысы қызметтерін жүзеге асырған кезде) жүзеге асыратын болады.

4. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР № 343-V ҚРЗ Заңына Мемлекет басшысы 2015 жылғы 2 тамызда қол қойды.



- "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясат" және "тоқтату" ұғымдары енгізілді»;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және тәуекелдерді бағалау бойынша тұрақты жүргізілетін зерттеу негізінде терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау бағыттары айқындалды;
- қаржы мониторингі субъектісінің клиентін күшейтілген және жеңілдетілген тиісінше тексеру жөніндегі шаралар айқындалды;
- қаржы мониторингі субъектілерінің тізбесі кеңейтілді;
- "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес хабарлама арқылы қаржы мониторингінің реттелмейтін субъектілерін есептік тіркеу рәсімі енгізілді»;
- Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың активтерін тоқтату тетігі белгіленді;
- қаржы мониторингі субъектілерінің кәсіби қауымдастықтарының өз мүшелерінің КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманы сақтауын бақылау бөлігіндегі өкілеттіктері нақтыланды;
- Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінен алып тастау тетігін қалыптастыру тәсілдері нақтыланды;
- Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін ҚМС-ға жеткізудің құқықтық тетігі жетілдірілді;
- Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген адамдардың базалық өмірлік мұқтаждары үшін қажетті тоқтатыла тұрған (мұздатылған) қаражаттың сол бөлігіне қол жеткізуге рұқсат беретін тетік белгіленді;
- қаржы мониторингі субъектілерінің уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ақпарат бермеу бөлігінде КЖ/ТҚҚ жөніндегі заңнама талаптарын сақтамағаны үшін қосымша жауапкершілігі енгізілді.

5. Соңғы ауқымды өзгерістер "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 13 мамырдағы № 325-VI заңымен енгізілді.

- Клиентті тиісті тексеру, ішкі бақылау жүргізу және күдікті операция туралы хабарлама жіберу сияқты қаржы мониторингі рәсімдеріне өзгерістер енгізілді;
- КЖ / ТҚҚ саласындағы уәкілетті органға реттеуші мемлекеттік органы жоқ қаржы мониторингі субъектілеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау бойынша өкілеттіктер берілген. Олар: 1) тәуелсіз заң консультанттары; 2) лицензиясыз лизинг берушілер; 3) бухгалтерлік ұйымдар; 4) риэлторлар; 5) бағалы металдарды, тастарды және зергерлік бұйымдарды өткізушілер);
- Заңды консультанттар және заңды мәселелер жөніндегі тәуелсіз мамандар; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар; бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара

кәсіпкерлер және заңды тұлғалар; Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар КЖ/ТҚҚ саласындағы уәкілетті органға қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті, қызметтің басталғаны туралы хабарлама жібермей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ;

- КЖ/ТҚҚ саласындағы уәкілетті орган үшін, оның ішінде қылмыстық активтерді іздестіру және қайтару бойынша халықаралық өзара іс-қимыл рәсімдері регламенттелген;

- халықаралық стандарттарды іске асыру үшін заңға коммерциялық емес секторды терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланудан қорғаумен байланысты жаңалықтар енгізілді (ерікті қаржылық және басқа да қайырмалдықтарға жүгінетін қайырымдылық ұйымдары мен діни бірлестіктерге қатысты талаптар).;

- ұлттық заңнамаға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сәйкес терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қатысты мақсатты қаржы санкцияларының тетіктері енгізілді.

Сонымен, 2009 жылдан бастап 2020 жылға дейін КЖ/ТҚҚ саласында:

- "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Заң;

- 30 шақты нормативті актілер (Үкімет қаулылары, ҚР Қаржы мониторингі агенттігі төрағасының бұйрықтары және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен бұйрықтар) қабылданып құқықтық база құрылды деп сеніммен айтуға болады.

Ресми түрде реттелетін қаржы жүйесі арқылы ақша аудару Қазақстанда тек банктер арқылы, сондай-ақ пошта арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда банктер де, пошта да КЖ/ТҚҚ заңнамасының талаптарының аясына кіреді.

ҚМС-ның КЖ/ТҚҚ саласындағы уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат және күдікті операциялар туралы хабарламалар беруі банк құпиясын жария ету болып табылмайды.

КЖ/ТҚҚ жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін қадағалаудағы ұйымдарға қатысты айыппұл санкцияларын тікелей қолдану жөніндегі реттеуші мемлекеттік органдардың өкілеттіктері заңнамалық түрде бекітілді, реттеуші мемлекеттік орган және оның қарамағындағы ҚМС бойынша ақпарат 3-кестеде

3-кесте. КЖ/ТҚҚ саласындағы реттеуші мемлекеттік органдар

Реттеуші мемлекеттік органдар	ҚМС
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі	1. Банктер, жүзеге асыратын ұйымдароперациялардың жекелеген түрлері; 2. Қор биржалары; 3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары,сақтандыру брокерлері, өзара

	сақтандыру; 4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жәнеерікті жинақтаушы зейнетақы қорлар; 5. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларыОрталық депозитарий; 6. Жүзеге асыратын ұйымдармикроқаржы қызметі(микрофиналық ұйымдар, ломбардтар жәнекредиттік серіктестіктер)
<b>Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі</b>	Казпочта (пошталық байланыс қызметтері)
<b>Әділет министрлігі</b>	Нотариустар
<b>Ұлттық банк</b>	1.Айырбастау пункттері 2.Төлем ұйымдары
<b>Сауда және Интеграция министрлігі</b>	Тауар биржалары
<b>АХҚО-ның Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті</b>	АХҚО қатысушылары <i>(АХҚО қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің актісімен айқындалған)</i>
<b>ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі</b>	1. Тәуелсіз заң консультанттары; 2. Лицензиясыз лизинг берушілер; 3.Бухгалтерлік ұйымдар; 4. Риэлторлар ; 5. Бағалы металдарды, тастарды және зергерлік бұйымдарды өткізушілер

Қазақстан ақшаны жылыстатуды криминализациялады, оған сәйкес қаржы операцияларын заңсыз жолмен алынған қаражаты немесе өзге мүліктібіле тұра қаржы операцияларын және басқа да мәмілелерді жасау, сол сияқты аталған қаражатты немесе өзге де мүлікті кәсіпкерлік немесе өзге де экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалану қылмыс деп танылады [19] .

Қазақстанда терроризмді қаржыландыру Қылмыстық кодекстің "экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру" деген 258-бабында криминализацияланған. ТҚ қылмыстары үшін жазаның жалғыз түрі-мүлікті тәркілеу арқылы бас бостандығынан айыру.

"Терроризмді қаржыландыру" және "террористік әрекет"терминдері. "Терроризм", "терроризм актісі", "терроризмді қаржыландыру" және

"террористік іс-әрекет" ұғымдарының түсінігі 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" заңда қамтылған [20].

КЖ / ТҚҚ туралы заңда террористік іс-әрекетке қатысуы туралы мәліметтері бар адамдардың операцияларын 3 күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұруға мүмкіндік беретін ережелер көзделген.

Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамалық тетіктер террористік активтерді тоқтату рәсімдерін, сондай-ақ БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1267 және 1373 қарарларының талаптарына сәйкес осындай рәсімдерді іске асыру тәсілдерін көздейді.

Қазақстанда жасырын шоттар немесе ойдан шығарылған нөмірлерге шоттар ашуға, сондай-ақ қалқа-банктердің қызметіне, олармен корреспонденттік қатынастарға тікелей тыйым салынған.

КЖ /ТҚҚ саласындағы заңнаманы ФАТФ ұсынымдарына техникалық сәйкестік бойынша талдау жүргізіліп, Қазақстанның жүйесінің мынадай ұсынымдар бойынша кемшіліктері айқындалды: 12- ұсыным "жария лауазымды тұлғалар", ұлттық жария тұлғаларға тиісті тексеру өткізу талаптары бөлігінде; 15-ұсынымы "жаңа технологиялар"; 24 "Заңды тұлғалардың ашықтығы және бенефициарлық иелері" ұсынымдары; 25- ұсыным «Заңды құрылымдарының ашықтығы және бенефициарлық иелері ». КЖ/ТҚҚ туралы заңның техникалық сәйкестігі бойынша толық талдау 1-Қосымшада беріледі.

## **2.2 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру жолдары**

Қылмыстық кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру саласындағы тәуекелдерді азайту, сондай-ақ осы проблеманың үнемі дамып келе жатқан криминалдық құрамдас бөлігіне, қарсы күрес мақсатында, КЖ/ТҚ-мен күрестің қазіргі бар құралдарын жетілдіруге, не жаңа құралдарын жасауға бағытталған қосымша күш-жігер қажет.

КЖ / ТҚҚ саласындағы отандық заңнаманы талдау нәтижесі ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша пәрменді жүйені құруға кедергі келтіретін бірқатар проблемаларды айқындады, атап айтқанда:

1. 12-Ұсыным. ФАТФ ұлттық жария лауазымды тұлғаларға қатысты 10-ұсынымға сәйкес талап етілетін тиісті тексеру бойынша қаржы ұйымдары қосымша шараларды қолдануға міндетті болуы тиіс:

- клиент немесе бенефициарлық меншік иесі осындай тұлға болып табылатындығын анықтауға мүмкіндік беретін ақылға қонымды шаралар қолдануға ;

- Қаржы мекемелері барлық санаттағы жария лауазымды тұлғалардың отбасы мүшелеріне немесе жақын адамдарына да тиісті талаптарды қолдануға міндетті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия кезінде азаматтардың табысы азайып, экономиканы қолдауға бөлінетін қаражаттың ұрлану қаупі артқан кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап өтті. "Атап айтқанда, қазір біз әр түрлі деңгейдегі шенеуніктер сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары үшін ұсталып жатқандығы туралы күнделікті жаңалықтарды оқимыз. Олардың арасында облыстың екі әкімі бар, бұл өте алаңдатарлық симптом. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппараттың барлық вертикалын тот ретінде жейді. Сыбайлас жемқорлық құбылыстарының себептері мен жағдайларын жоймай, бұл жел диірмендеріне қарсы күрес", - деді Президент [21].

Сондай-ақ, 2020 жылғы қыркүйектегі жолдауында Президент: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі бола түсуде. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептеріне көп көңіл бөлініп, алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Енді сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторда нормативтік актілер мен жұмыс процестеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жүргізу қажет. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа құралдарын енгізген дұрыс деп санаймын"[22].

Сыбайлас жемқорлық-жай ғана құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімге нұқсан келтіреді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес елдің стратегиялық даму басымдықтарының бірі болып табылады. Әрине, бұл бағытта Қазақстанмен бірқатар маңызды міндеттер жүзеге асырылды: ГРЕКО халықаралық ұйымына кірді, басшыларды бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін босату заңнамалық түрде енгізілді.

Алайда, ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күрес жөніндегі шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте де тиімді қуатты құралдар болып табылатынын атап өту қажет. КЖ / ТҚҚ саласындағы халықаралық стандарттарды тиісінше орындау, сыбайлас жемқорлық үшін қиын болатын қоршаған ортаны қалыптастырады. 2012 жылғы ақпанда ФАТФ БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 52-бабының талаптарына сәйкес Ұлттық жария лауазымды тұлғаларға және халықаралық ұйымдардың жария лауазымды тұлғаларына міндетті талаптарды кеңейтті.

2017 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстамбұл іс-қимыл жоспары мониторингінің төртінші раундының есебінде Қазақстан Республикасына "сыбайлас жемқорлықтың алдын алу" тарауында 8-ұсынымда "саяси қызметшілердің парасаттылық ережелерін сақтауын бақылаудың тиімді тетігін енгізу"[23] ұсынылғанына назар аударғымыз келеді.

Жоғарыда айтып өткендей, ФАТФ-тың 12- ұсынымына сәйкес қаржы мониторингі субъектілері олардың клиенттері немесе бенефициарлық меншік иелері ұлттық жария лауазымды тұлғалар болып табылатынын айқындауға міндетті, сондай-ақ жария лауазымды тұлғалар бойынша осы талаптар олардың отбасы мүшелеріне және жақын туыстарына қатысты болуы тиіс, оның ішінде::

- жасалатын операцияларды қаржыландыру көзін анықтау;

- іскерлік қарым-қатынастардың терең тұрақты мониторингін жүзеге асыру.

Бұл қадағалау органдарына ұлттық жария лауазымды тұлғаларға назар аударуға және тиісті қадағалау мен реттеуді жүзеге асыруға, ал қаржы ұйымдарына ұлттық жария лауазымды тұлғаларды айқындау үшін тәуекелдерді басқарудың тиісті жүйесі болуға және осындай тұлғалардың күмәнді транзакциялары туралы уәкілетті органдарды уақтылы хабардар етуге мүмкіндік береді.

ФАТФ ұсынымдарының сөздігінің айқындауына сәйкес ұлттық жария лауазымды адамдарға мыналар жатады:

Мемлекет немесе үкімет басшылары, көрнекті саясаткерлер, сот немесе әскери қызметкерлер, мемлекеттік корпорациялардың аға басшылары, саяси партиялардың көрнекті қайраткерлері, сондай-ақ халықаралық ұйымның маңызды функциялары сеніп тапсырылған адамдар (басшылықтың мүшелері, яғни директорлар, олардың орынбасарлары және басқарма мүшелері). Жалпы алғанда саяси шешім қабылдай алатын лауазымды тұлға.

Қазақстан сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (Corruption Perceptions Index) бойынша 179 елдің ішінде 94-орынды иеленеді. Сингапур төртінші және ондаған еуропалық мемлекеттер сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен позицияда орын алды. Мысалы, Сингапур мен Еуроодақ заңды түрде ұлттық ЖЛТ түсінігін қабылдады, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдар тізбесін бекітті және қаржы мониторингі шараларын көздеді [24]. Осыған байланысты ФАТФ-тың 12 ұсынымын іске асыру ұсынылады:

- КЖ/ТҚҚ туралы Заңның ұғымдық аппаратына "ұлттық жария лауазымды тұлға түсінігін енгізу»;
- КЖ/ТҚҚ туралы заңда қаржы мониторингі субъектілерінің ұлттық жария лауазымды тұлғаларға қатысты қабылдайтын қаржы мониторингі шараларын көздеу;
- ұлттық жария лауазымды тұлғаларға жататын лауазымдар тізбесі бекіту;
- ұлттық жария лауазымды тұлғалардың отбасы мүшесіне және жақын адам деген түсінік бойынша жататын жақындық тізбесі бекіту.

2. Осы уақытқа дейін адамзат әлем тарихында ғылым мен техниканың дәл кәзіргі дей жетістіктеріне куә болған емеспіз. Заманауи технологиялар адамдарға бір - бірімен тез сөйлесуге мүмкіндік береді, олардың өмірі ыңғайланып және бизнес күрделене түсті. Мысалы, банк ісінде тараптарының ара қашықтығына қарамастан бірнеше секунд ішінде мәміле жасалуы мүмкін. Адамдар өмірінің барлық салаларында озық технологиялардың жемісін барынша пайдалануға тырысуда.

Жаңа технологиялар, өнімдер және олармен байланысты қызметтер қаржы саласындағы инновацияларды ынталандыру, халықтың барлық жіктерінің тиімділігін арттыру және қаржылық қызметтермен қамтылуын кеңейту үшін әлеуетке ие. Алайда, сонымен бірге, олар қылмыскерлер мен террористерге өздерінің қылмыстық кірістерін заңдастыруға немесе заңсыз әрекеттерін қаржыландыруға жаңа мүмкіндіктер ашуда.

Джеффри Робинсон атап өткендей "XXI ғасырдың жаһандануының негізі XX ғасырдың соңғы онжылдығы, технологиялық серпіліс. Спутниктер, факстар, ұялы телефондар, интернет және электрондық пошталар планетаны қалта компьютерінің көлеміне дейін азайтты»[25].

Бүгінгі таңда виртуалды валюталар/активтер аз зерттелген мәселе және ФАТФ барлық юрисдикцияларды виртуалды активтерді заңсыз пайдаланудың алдын алу үшін шұғыл түрде заңды және практикалық қадамдар жасауға шақырады. Бұл 15-ұсыным.

Қазақстанда, сондай-ақ Ресейде цифрлық активтердің мәртебесі өткен жазда ғана бекітілді. Маусым айында қабылданған "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына түзетулерге сәйкес цифрлық актив – бұл криптография және компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып, электрондық-цифрлық нысанда жасалған мүлік. Сандық актив қаржылық құрал емес, бірақ мүліктік құқықтарды куәландырудың электрондық сандық нысаны бола алады [26].

Заң бойынша Қазақстанда цифрлық активтерді екі түрге бөледі – қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген.

Қамтамасыз етілгендерге цифрлық активті шығарған тұлға шығаратын немесе ұсынатын тауарлар мен қызметтерге мүліктік құқықтарды куәландырудың цифрлық құралы болып табылатын активтер жатады.

Қамтамасыз етілмегендерге блокчейндегі консенсусты қолдауға қатысқаны үшін сыйақы ретінде алынған белгілер жатады. Бұл санатқа белгілі Bitcoin және Ethereum сияқты криптовалюталар кіреді. Олардың Қазақстандағы шығарылымы мен айналымы "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында ғана рұқсат етілген. ФАТФ дәл осы цифрлық активтерді реттеу мәселелеріне қызығушылық танытады.

Алайда, биткоин немесе басқа виртуалды валюта Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қаржы құралы болып табылмайды және инвестициялау объектісі ретінде мемлекеттік реттеу аясына кірмейді. Бұл ретте заңда: "Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына тыйым салынады" [27] деп белгіленген. Бұл жерде Қазақстан Республикасының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің шығарылуы мен айналымы қандай жағдайларда рұқсат етілетіні түсініксіз.

Дегенменен, криптовалюта өндіру бизнесі (майнинг) бізде қарқын алуда. Бұл өте көп электр энергиясын қажет етеді. «Майнинг фермалардың басым бөлігі Қарағанды, Павлодар және Алматы облыстарында орналасқан. Әлемдік масштабта біздің елімізде электр энергиясы салыстырмалы түрде арзан болып саналады. Өндірістің сәттілігіне жабдықтың тиімділігі, желінің күрделілігі және жұмсалған электр энергиясының мөлшері әсер етеді, және ол көп нәрсені қажет етеді. Бір биткоин алу үшін орташа есеппен 78 мың кВт сағат электр энергиясы пайдаланылады. Ал бұл шамамен 1,5 млн теңге»[28].

Осы орайда, Қазақстан қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға, сондай-ақ цифрлық активтерге салық салу бөлігінде реттеуге ден қоя отырып, Нормативтік-құқықтық база құруға ұмтылуы тиіс деп санаймын.

Сонымен бірге, халық арасында биткойнге инвестициялау мәмілелер, есеп айырысулар немесе қолайсыз сценарийлер жасау проблемалары туындаған кезде жеке жауапкершілік екенін түсіну керек.

Сондай-ақ, виртуалды валюталарды, соның ішінде ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы реттеуді айналып өту үшін пайдалануға болатындығын білу маңызды. Осыған байланысты виртуалды валюталармен мәмілелер жасау кезінде мүмкіндігінше сақ болу керек.

Әрине, Қазақстанда бұл салада негізгі заңнамалық қадамдар жасалды, тыйым салынды, бірақ одан әрі талқылау алаңы әлі де ашық.

Виртуалды валютаны реттеу мәселесі әлемдік мемлекеттер алдында да тұрған күрделі мәселе. Осы орайда, 1-14 наурыз айында ЕАТ-та онлайн стажировка барысында, аталған мәселе төңірегінде өзге мемлекеттердің қабылдап жатқан шараларына зерттеу жүргіздім. Нәтижесі бойынша мынадай қорытындыға келдім:

Ең ауқымды жан жақты шаралар жиынтығы Еуро одақ қабылдаған, және болашақта реттеуші орган мүше елдердің органдарынан жоғары тұратын орган құру идеясы талқылануда. Еуроодақта виртуалды валюта қаржылық инструмент, инвестиция көзі және осы валютаны арнайы айырбастау орталақтарынан фиаттық ақшаға ауыстыру мүмкіндігі бар.

АҚШ бұл мәселеге әлі жете көңіл бөлмеген секілді, оның кейбір штаттарында виртуалды валюта қаржылық инструмент болса, ал кейбірінде қолдануға тыйым салынған.

Қытай болса виртуалды валюта мемлекет экономикасына және банк жүйесіне пайдасынан гөрі шығысы көп деп есептеп. Өз аумағында шығару және қолдануға тыйым салды.

Ресей цифрлық актив туралы заң қабылдады, виртуалды валюта қаржылық құралға жатпайды дегенменен мүлік болып саналады. Ресей өз аумағында виртуалды валютаны қолдануға тыйым салды.

Осы өткізілген зерттеумен толықтай 2-Қосымшада берілген ақпаратпен танысуға болады.

3. Компаниялардың бенефициарлық иелерін белгілеу- кез келген КЖ/ТҚК тиімді жүйесінің негізгі компоненті. 2013 жылы "G20" министрлерінің кездесуінде бұл проблема бірінші кезектегі мәселе ретінде тағы да белгіленді. Бұл кездесуде G8 мақұлдаған, заңды тұлғалардың ашықтығына негіз болатын принциптер қабылданды. Бұл негізгі қағидаттар ФАТФ стандарттарына негізделген. Компаниялардың бенефициарлық иелері туралы ақпаратты алуды және сақтауды талап ете отырып, оларды шынымен иеленетін және бақылайтын компания туралы ақпаратқа ие болу керек, сонымен қатар бұл ақпаратты құқық қорғау органдарына, салық органдарына және басқа да тиісті органдарға, соның



ішінде қаржылық барлау бөлімшелеріне, мысалы, орталық тізілімдер арқылы уақтылы беруді қамтамасыз ету қажет [29].

Қылмыскерлер заңсыз жолмен алынған мүлікке иелік ету және оны бақылау үшін бірқатар әдістер мен механизмдерді қолданады. Шынайы бенефициарлық меншік иелерін немесе бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлғаларды анықтау әлемнің барлық елдеріндегі прокуратура қызметкерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері және барлау қызметкерлері үшін күрделі проблема болып табылады.

2012 жылғы ақпанда жаңартылған ұсынымдар редакциясында мемлекеттер ұлттық заңнамада бекітуі тиіс заңды тұлғалар мен құрылымдардың ашықтығын қамтамасыз етудің тиімді тетіктері көзделген.

ФАТФ-тың 24 және 25-ұсынымдарына сәйкес әр бір мемлекеттің құзыретті органдары жедел түрде ала алатын бенефициарлық меншік және заңды тұлғалардың бақылауы туралы жеткілікті, нақты және уақтылы ақпараттың болуын қамтамасыз етуі тиіс. Құзыретті органдардың, атап айтқанда, құқық қорғау органдарының негізгі ақпаратқа және тиісті тараптарда (тіркеу, лицензиялау органдары) сақталатын бенефициарлық меншік бойынша деректерге уақтылы қол жеткізу үшін қажетті барлық өкілеттіктері болуға тиіс.

Қазақстанда бенефициарлық меншік иесі КЖ/ТҚҚ мақсатында КЖ/ТҚҚ туралы Заңның ұғымдық бөлімінде енгізілген: «бенефициарлық меншік иесі – бұл: клиенттің – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;

клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;

оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға»[30].

Қазіргі уақытта Қазақстанда "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабына сәйкес Әділет министрлігі заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізеді және сұрау салу бойынша бақылау және қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қажетті ақпаратты ұсынады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 34-бабында Заңды тұлғалардың түрлері мен нысандары айқындалып, заңды тұлғалардың сипаттамалары кодекстің 2-параграфында регламенттелген.

Сондай-ақ, "Е - gov" электрондық үкімет порталында "заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан анықтаманы ашық түрде сұрау салу қызметі арқылы алуға болады.

КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 18-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында мемлекеттік органдардың уәкілетті органнан сұрау салуы бойынша өздерінің ақпараттық жүйелерінен және ресурстарынан мәліметтер ұсынуы көзделген.

Алайда, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында Әділет министрлігіне ұсыну үшін қажетті құжаттар тізбесі айқындалған, бенефициарлық иелері туралы ақпарат беру заңнамада көзделмеген. Сондай-ақ, Қазақстанда өкілеттігіне бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты жүргізу және өзектендіру кіретін бірыңғай орган жоқ.

ФАТФ әр бір мемлекетте құрылған барлық компаниялар "компаниялар тізімінде" (осы елде тіркелген немесе лицензияланған, тіркеуші органда сақтаулы тұрған компаниялар тізімі) тіркелуі тиіс екенін талап етеді.

Қазақстанда бұл тетік қазірдің өзінде Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметінің ашықтығына қатысты ғана іске асырылуда. Мысалы, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 47-бабының 1-тармағына сәйкес «Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияның немесе өндіруге арналған лицензияның негізінде туындаған, жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығының үлесіне) ие жер қойнауын пайдаланушы осындай жер қойнауын пайдалану құқығын берген мемлекеттік органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті».

"Бенефициарлардың тізімдерін, яғни жер қойнауын пайдаланушыны бақылайтын тұлғалар мен ұйымдардың тізбелерін жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінде қатты пайдалы қазбалар жөніндегі ҚР Индустрия және индустриялық-инновациялық даму министрлігі және көмірсутек шикізаты жөніндегі ҚР Энергетика министрлігі жүргізеді. ҚР Индустрия және индустриялық-инновациялық даму министрлігі сайтында ашық түрде бенефициарларды көрсете отырып, қатты пайдалы қазбалар бойынша лицензиялар тізілімін жариялайды.

ҚР Энергетика министрлігі көмірсутек шикізаты және уран саласындағы жер қойнауын пайдаланушыларды тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы деректерді ашық орналастырмайды"[31].

ФАТФ халықаралық стандарттардың жалпы сөздігіне сәйкес бенефициарлық меншік иесі термині, сайып келгенде, клиенттің және/немесе атынан мәміле жасалатын жеке тұлғаның меншік құқығына ие немесе оны бақылайтын жеке тұлға болып табылады. Бұл тұжырымдамаға заңды тұлғаны немесе ұйымды бақылауды жүзеге асыратын адамдар да кіреді.

Заңды тұлғалар мен құрылымдардың ашықтығын қамтамасыз етудің бір жолы, ол құқықтық тетіктерін жетілдіру болып табылады. ФАТФ-тың 24-ұсынымы "Заңды тұлғалардың ашықтығы және бенефициарлық иелері" талаптарын орындау мақсатында:

- заңды тұлғаларды тіркеу кезінде және қаржы мекемелерімен іскерлік қатынастардың басында заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері

туралы ақпарат алу мақсатында арнайы толтыру нысандарын белгілеу және Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында бенефициарлық меншік иелері бойынша талап енгізу;

- барлық құзыретті органдар үшін заңды тұлғалар, олардың құрылтайшылары және бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратқа уақтылы бір көзден қол жеткізу жолың қарау;

- коммерциялық ұйымдардың тиісті мемлекеттік органды өзінің бенефициарлық иелері туралы, оның ішінде иелерінің өзгерістері туралы дереу хабардар етуге міндеттеу,

- коммерциялық ұйымдардың өздерінің бенефициарлық иелерінің құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты уақтылы жібермегені үшін әкімшілік жазалау шараларын көздеу.

25- ұсыным "Заң құрылымдарының ашықтығы және бенефициарлық иелері" бойынша Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі трасттарды құруды көздемейтінін және трасттың құқықтық тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы бойынша жоқ екенін атап өту қажет. Қазақстан 1985 жылы трасттарға қолданылатын және оларды заң бойынша тану туралы Гаага конвенциясын ратификацияламады.

Осы саладағы заңнама мен тәжірибенің жоқтығын ескере отырып, Қазақстанда 25-ұсынымды қолдануға болмайды деп санаймыз.

## **Қорытынды**

Өткізілген талдау нәтижесі бойынша зерттеу мақсатына қол жеткізілді және зерттеу болжамы дәлелденді деп санауға болады.

Әрине, Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнама кемшіліксіз деп айтуға болмайды, және қарастырылып отырған мәселелердің бәрін бір магистрлік жоба аясында жан-жақты талдау жүргізу мүмкін емес. Магистрлік жоба барысында алынған нәтижелер КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманың жетілдіруіне өз ықпалын тигізеді деп ойлаймыз.

Заңнаманы жете талдау барысында ЕАТ сарапшылары басты көңіл бөлетін 3- ұсыным «КЖ қылмысы»;5-ұсыным «Терроризмді қаржыландыру қылмысы»;10- ұсыным «Клиентті тиісті тексеру»;11- ұсыным «Мәліметтерді сақтау» және 20- ұсыным «Күдікті операциялар туралы хабарлау» бойынша Қазақстан «Сәйкес» немесе «Едәуір сәйкестік» рейтингісіне қол жеткізеді деген сенім бар.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, операциялық тәуелсіздіктің ықтимал шектеулерін жою үшін ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетін ҚР Үкіметінің құрылымына кірмейтін және тікелей ҚР Президентіне бағынатын Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігіне құруы,біздің елімізде КЖ/ТҚҚ мәселелері басым болып табылатынын көрсетіп отыр.

Өзара бағалаудың тиімді дайындығын қамтамасыз ету үшін, ағымдағы жылдың 23 сәуірде Қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық кеңестің кезекті отырысы өтті. Аталған отырысқаҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары және тиісті құзыретті мемлекеттік органдар басшылығы жәнеҚР Парламентінің депутаттары қатысты. Отырысқа қатысу үшін ЕАТ Төрағасы, мен ЕАТ Атқарушы хатшысыарнайы іс-сапармен келді[32]

11 жыл ішінде қазақстандық қаржы мониторингі жүйесі дамып және әлі де жетілдірілуде, осы уақыт ішінде заңнамалық қызмет бойынша үлкен жұмыс жүргізілді.

Бүгінгі таңда КЖ/ТҚҚ қазақстандық жүйесі ақша қаражаттарының жылыстауына және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылмен байланысты көптеген міндеттерді шешуге қол жеткізілгенін көрсетеді. 2009 жылы КЖ/ТҚҚ туралы Заңға қол қойылған сәттен бастап, 2012, 2014, 2015 және 2020 жылдары осы заңға ауқымды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сонымен қатар, қылмыскерлер қаржы институттарды үнемі жетілдіріліп, күрделене түсетін қылмыстық схемаларға тарту салдарынан, осы саладағы халықаралық құқықтық реттеудің өзгеруі, ұлттық қадағалау органдарының жедел әрекет етуін және нормативтік актілерді толықтыруды талап етеді.

Зерттеу барысында анықталған аса маңызды бағыттарды атап өтіп, жүйені жетілдіру бойынша келесі ұсыныстар беріледі:

1. ФАТФ-тың 12-ұсынымына сәйкес ҚМС-тың клиенттері немесе бенефициарлық меншік иелері ұлттық жария лауазымды тұлғалар болып табылатын жағдайда, оны айқындауға міндетті, сондай-ақ ұлттық жария

лауазымды тұлғалар бойынша тексеру талаптары олардың отбасы мүшелеріне және жақын туыстарына қамтылуы тиіс.

Қазақстан сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (Corruption Perceptions Index) бойынша 179 елдің ішінде 94-орынды иеленеді. Сингапур төртінші және ондаған еуропалық мемлекеттер сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен позицияда орын алды. Мысалы, Сингапур мен Еуроодақ заңды түрде ұлттық ЖЛТ түсінігін қабылдады, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары лауазымдар тізбесін бекітті және қаржы мониторингі шараларын көздеді [24].

Ұсынылады:

- КЖ / ТҚҚ туралы Заңның ұғымдық аппаратына "ұлттық жария лауазымды тұлға" ұғымын енгізу;

- КЖ / ТҚҚ туралы заңда қаржы мониторингі субъектілерінің ұлттық жария лауазымды тұлғаларға қатысты қабылдайтын қаржы мониторингі шараларын айқындау;

- ұлттық жария лауазымды тұлғаларға жататын лауазымдар тізбесі бекіту;

- ұлттық жария лауазымды тұлғалардың отбасы мүшесіне және жақын адам деген түсінік бойынша жататын жақындық тізбесі бекіту.

2. ФАТФ-тың 24 ұсынымға сәйкес әр бір ел құзыретті органдарының бенефициарлық меншік және заңды тұлғалардың бақылауы бойынша жеткілікті, нақты және уақтылы ақпаратты жедел ала алатындығын қамтамасыз етуі тиіс. Құзыретті органдар тиісті тараптарда сақталатын бенефициарлық меншік бойынша деректерге уақтылы қол жеткізу үшін тиісті өкілеттіктері болуы қажет.

Еуропалық деңгейде бенефициарлардың бірыңғай тізілімін құру 2015 жылғы 20 мамырдағы ЕО-ның ақшаны жылыстатуға қарсы Төртінші директивасымен қабылданды. Бұл Директива, ЕО – ға мүше әрбір мемлекетте компаниялардың түпкі бенефициарлары туралы мәліметтерді қамтитын орталықтандырылған дерекқорды (тізілімді) құруды көздейді.

Корпоративтік құрылымдардың ашықтығын арттыру тенденциялары тек Еуропаға ғана емес, өзге де аумақтарына да тән.

Кейбір елдер (Украина, Италия, Германия, Кипр, Ұлыбритания, Сингапур, Гонконг, Ирландия, Нидерланды, Франция, Норвегия, Аргентина және т.б.) қазірдің өзінде бенефициарлық меншік иелері туралы тізілімдер жасау бойынша қадамдар жасады.

Ұсынылады:

- Елімізде жұмысын бастаған барлық компаниялар "Компаниялар тізіліміне/реестріне" тіркелуі қажет. Компаниялар реестрі тіркелген немесе лицензияланған органында сақталуы тиіс;

- «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында Әділет министрлігіне ұсыну үшін қажетті құжаттар тізбесіне бенефициарлық иелері туралы ақпарат беруді талап ету.

3. Бүгінгі таңда виртуалды валюталар/активтер туралы мәселе аз зерттелген және ФАТФ барлық юрисдикцияларды виртуалды активтерді заңсыз

пайдаланудың алдын алу үшін шұғыл түрде заңды және практикалық қадамдар жасауға шақырады.

Ұсынылады:

Қазақстан цифрлық активтер бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл тұрғысынан, сондай-ақ салық салу бөлігінде реттеуге ден қоя отырып, нормативтік-құқықтық база құруға ұмтылуы тиіс.

Әлемдік ҚББ практикасына сүйене отырып және Эгмонт тобының қағидаттарына сәйкес, Агенттіктің қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету үшін қаржы мониторингі субъектілерімен, ұлттық және шетелдік құзыретті органдармен өзара іс-қимыл бойынша, КЖ/ТҚ саласындағы типологиялар мен үрдістердің сипаттамасын қоса, өз қызметі туралы есептерді мерзімді түрде (кемінде жылына бір рет) жариялау қажет.

КЖ / ТҚҚ Заңындағы соңғы өзгерістермен заң мәселелері жөніндегі тәуелсіз мамандар, заң консультанттары; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын ұйымдар; риэлторлар; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын ұйымдар; бухгалтерлік ұйымдар және кәсіби есепшілер, осыҚМСреттеушінің өкілеттіктері Агенттікке берілді. Осы орайда Агенттіктің функцияларына аталған қаржы субъектілерінің КЖ/ТҚҚ заңнамасын орындау талаптарын тексеру жүктелді, және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 214 және 463-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау мүмкіндігі берілді.

Осы нормаларды тиісті атқару үшін Агенттіктің әкімшілік блогының қызметкерлері аумақтық департаменттерде кем дегенде екі қызметкер лауазымын енгізу қажет. Қазіргі таңда, елімізде 17 аумақтық Экономикалық тергеу департаменттері жұмыс атқарады.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 24-бабына сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау бойынша басты жауапкершілік жүктелген. Оның шешімдері барлық мүше мемлекеттер үшін міндетті.

Ал, іс жүзінде қалай?

Мысалы, КЖ/ТҚҚ саласындағы 1452 (2002)БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарары бойынша Қазақстан тиісті талаптарға құқықтық дәреже беру үшін КЖ/ТҚҚ заңына өзгерістер мен толықтыруларды тек 2020 жылы ғана енгізді.

Осы орайда, Қазақстанда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы қарарлары бойынша мәжбүрлеу шараларын қамтамасыз ету үшін, арнайы механизм жүйесі енгізілуі керек. Осыған байланысты Ресей Федерациясының тәжірибесі қолайлы, өйткені оларда "Арнайы экономикалық шаралар туралы" 2006 жылғы заңы бар. Бұл заң БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқықтық негізі болып табылады. Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейде өзіне алған міндеттемелердің орындалуын ҚР Сыртқы істер министрлігі құзыретті жататындықтан, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мәжбүрлеу шараларын жедел түрде орындау үшін тиісті нормативті құжат қабылдауды қарастыру қажеттігі туындайды .

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1 Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 6 марта 2020 года № 280.-Электронды мәтін //Қазақстан Республикасы Президентінің ресми

сайты.-URL: [https://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-syrtyky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly](https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-syrtyky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly)

2 Редакция "Литер". Полный текст выступления Токаева на 75-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Электронды мәтін // информационный портал «Литер». URL:<https://litter.kz/polnyj-tekst-vystupleniya-tokaeva-na-75-j-sessii-generalnoj-assamblei-oon/>(23.09. 2020)

3 Базель басқару институты. Базель индексі: бүкіл әлем бойынша ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері бойынша рейтингінің 9-шы жария басылымы.2020.- 42б. Электронды мәтін // Базель институты сайты.URL:<https://baselgovernance.org/basel-aml-index/public-ranking>

4 FATF President Xiangmin Liu /ФАТФ Президенті Сяо Ли . Электронды мәтін. // Фейсбук ФАТФ. – URL:<https://www.facebook.com/theFATF/posts/the-challenge-many-countries-face-today-is-not-the-absence-of-comprehensive-glob/3078498758863573/>

5 Petrus C. van Duynе ,Jackie H. Harvey, Liliya Y. Gelemerova. The Critical Handbook of Money Laundering Policy, Analysis and Myths. University of Manchester.2018.157 бет.ISBN 978-1-137-52397-6

6 Редакция «РБК». Национальный герой Пакистана торговал ядерными технологиями. Электронды мәтін //Интернет-портал РБК.URL:<https://www.rbc.ru/politics/02/02/2004/5703b5df9a7947783a5a50c2> (02 .02. 2004.)

7 Руководство ФАТФ. Реализация финансовых положений резолюций СБ ООН о противодействии распространению оружия массового поражения. Москва. Ағыл.аударма– МУМЦФМ.2013.- 58б.

8 Резолюция Совета Безопасности ООН 1617 (2005) принятая на его 5244-м заседании 29 июля 2005 года.Электронды мәтін //Интернет-портал Электронный фонд актуальных правовых и нормативно-технических документов.URL:<https://docs.cntd.ru/document/902134529/>

9 Международные стандарты по противодействию отмыванию денег, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения - Рекомендации ФАТФ.Ағыл.аударма– МУМЦФМ.2012. 192 б.

10 Жоғары тәуекелді юрисдикциялар және басқа бақыланатын юрисдикциялар..Электронды мәтін //Интернет-портал ФАТФ. URL:[http://www.fatf-gafi.org/publications/high-risk-and-other-monitored-jurisdictions/?hf=10&b=0&s=desc\(fatf\\_releasedate\)/](http://www.fatf-gafi.org/publications/high-risk-and-other-monitored-jurisdictions/?hf=10&b=0&s=desc(fatf_releasedate)/) (25.02.2021)

11 Годовой отчет ЕАГ за 2019г.Электронды мәтін //Интернет портал ЕАТ. 2019 . URL: <https://eurasiangroup.org/ru/godovye-otchety>

12 29–ая рекомендация.Международных стандартов по противодействию отмыванию денег, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения - Рекомендации ФАТФ.Ағыл.аударма– МУМЦФМ.2012. 192 б.



13 Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. Электронды мәтін //Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.- URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan//](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan//)(05.11.2018)

14 Стратегия развития Службы экономических расследований органов по финансовому мониторингу на 2019-2021 годы. Электронды мәтін //Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайты.- URL:<https://afmrk.gov.kz/assets/files/departament/1485-o9tadh.pdf>

15 Отчет о Взаимной оценке Республики Казахстан 2011г. Электронды мәтін //Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайты.-URL:<https://afmrk.gov.kz/ru/mutual-evaluation/report-on-mutual-evaluation-of-the-republic-of-ka/>

16 Речь Президента Токаева К.К. на заседание Совета глав государств СНГ по видеоконференцсвязи. Электронды мәтін // Информационный портал СНГ. URL:<https://e-cis.info/quotes>(18.12.2020.)

17 Отчет о Взаимной оценке Республики Казахстан 2011г. Электронды мәтін //Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайты.-URL:<https://afmrk.gov.kz/ru/mutual-evaluation/report-on-mutual-evaluation-of-the-republic-of-ka/>

18 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Электронды мәтін //Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>

19 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Электронды мәтін //Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>

20 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Заңы. Электронды мәтін //Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000416\\_links](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000416_links)

21 Пресс-служба Премьер-Министра Республики Казахстан. Глава государства Касым-Жомарт Токаев провел совещание по вопросам противодействия коррупции. Электронды мәтін //Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. URL: <https://www.primeminister.kz/ru/news/glava-gosudarstva-provel-soveshchanie-po-voprosam-protivodeystviya-korrupcii-1974915/> (19.08. 2020)

22 Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауы." Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі". Электронды мәтін // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты URL:[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020/](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020/)

23 Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын бақылаудың төртінші раунды . Қазақстан.Аралық баяндамаЭлектронды мәтін //Параграф ақпараттық жүйе.

URL:[https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=38224240/](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=38224240/)

24 Индекс восприятия коррупции (Corruption Perceptions Index) — глобальное исследование и сопровождающий его рейтинг стран мира по показателю распространённости коррупции в государственном секторе. Последняя редакция: 10.03.2021.

25 Джеффри Робинсон. Всемирная прачечная: Террор, преступления и грязные деньги в офшорном мире.2004. 495б. Электронды мәтін // <http://www.e-reading.club/>

26 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗҚазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы»Заңы.1-бап. 55-1т.

27 Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы № 418-V ҚРЗ.Электронды мәтін //Әділет Қазақстан Республикасынормативтік құқықтық актілерініңақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> .(24.11.2015)

28 Майнинг и криптовалюты в Казахстане: проблемы и перспективы. Электронды мәтін //Интернет портал ТРК Хабар. URL: <https://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/item/131561-majning-i-kriptovalyuty-v-kazakhstane-problemy-i-perspektivy/>(20.02.2021)

29 Итоговое коммюнике"G20" 2013 года.Электронды мәтін //Интернет портал Администрации Президента РФ. URL: <http://www.kremlin.ru/supplement/5037/>

30 Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы N 191-IV Заңы.Электронды мәтін //Әділет Қазақстан Республикасынормативтік құқықтық актілерініңақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000191/>

31 15-й Национальный отчет «О реализации Инициативы прозрачности деятельности добывающих отраслей в Республике Казахстан за 2019 год».Электронды мәтін //Интернет портпл ИПДО Казахстан.URL: [https://eiti.org/files/documents/kazakhstan\\_2019\\_eiti\\_report.pdf/](https://eiti.org/files/documents/kazakhstan_2019_eiti_report.pdf/)

32 ҚМА пресс қызметі. ҚМА Өзара бағалауға дайындықта мемлекеттік органдарды біріктірді. Электронды мәтін //ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің ресми порталы. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/news/details/191872?lang=kk>

#### Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы:Раимбекова Асем Мамановна

Ғылыми жетекші: Сомжүрек Баубек Жұмашұлы

<b>Жоба идеясы</b>	Қазақстан Республикасының ақшаны жылыстатуға және терроризмді
--------------------	---

	<p>қаржыландыруға қарсы күрес (бұдан әрі-АЖ/ТҚҚ) жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігіне талдау жүргізу</p>
<p><b>Күрделі жағдай (кейс)</b></p>	<p>Магистрлік жұмыс ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес саласындағы заңнаманың құқық қолдану аспектісін талдауға бағытталған. 2022 жылы Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық Топ (ЕАТ) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ жүйесін өзара бағалауын өткізеді. ЕАТ Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ құқықтық және институционалдық жүйесінің ФАТФ-тың белгіленген халықаралық стандарттарына сәйкестігін арнайы ФАТФ-тың методологиясымен бағалайды және жүйенің техникалық сәйкестігі мен тиімділігі рейтингтерін береді. Берілген рейтингтер белгілі бір міндеттемелерді жүктейді, олардың орындалмауы / төмен болуы елімізге қолданылатын экономикалық сипаттағы санкцияларға әкелуі мүмкін.</p> <p>КЖ/ТҚ проблемасы жаһандық сипаттағы өзге де өзекті сын-қатерлермен "көлеңкелі нарық" проблемасымен, есірткі бизнесімен, адам саудасымен және т.б. тығыз байланысты. Осы саладағы қарсы іс-қимыл қазіргі заманғы жағдайларда аталған сын-қатерлерге қарсы күрестің алдын алу бағыты ретінде ғана емес, сондай-ақ қаржылық тұтастық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шарты ретінде де қаралады.</p>
<p><b>Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері</b></p>	<p>Аталған мәселені шешу мақсатында Қазақстандық КЖ/ТҚҚ жүйесінің техникалық сәйкестігі мен қабылданған нормалардың нәтижелілігін анықтау.</p> <p>Қаржы институттарын үнемі жетілдіріліп, күрделене беретін қылмыстық схемаларға тартылуы, бұл</p>

	<p>қадағалау органдарының жедел әрекет етуін және нормативтік актілерді толықтыруды талап етеді. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі тиісті қадағалау және осы салада құқық қолдану болып табылады.</p>
<p><b>Берлген мәселені шешудің ұсынылатын жолы</b></p>	<p>КЖ / ТҚҚ саласындағы отандық заңнаманы талдау нәтижесі ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша пәрменді жүйені құруға кедергі келтіретін бірқатар проблемаларды айқындады, және осы мәселелер бойынша КЖ/ТҚҚ заңына толықтырулар енгізуді ұсынудамыз, атап айтқанда:</p> <p>1. 12-Ұсыным. ФАТФ ұлттық жария лауазымды тұлғаларға қатысты 10-ұсынымға сәйкес талап етілетін тиісті тексеру бойынша қаржы ұйымдары қосымша шараларды қолдануға міндетті болуы тиіс.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- КЖ / ТҚҚ туралы Заңның ұғымдық аппаратына "ұлттық жария лауазымды тұлға» ұғымын енгізу;</li> <li>- КЖ / ТҚҚ туралы заңда қаржы мониторингі субъектілерінің ұлттық жария лауазымды тұлғаларға қатысты қабылдайтын қаржы мониторингі шараларын айқындау;</li> <li>- ұлттық жария лауазымды тұлғаларға жататын лауазымдар тізбесі бекіту;</li> <li>- ұлттық жария лауазымды тұлғалардың отбасы мүшесіне және жақын адам деген түсінік бойынша жататын жақындық тізбесі бекіту.</li> </ul> <p>2. Компаниялардың бенефициарлық иелері туралы ақпаратты алуды және сақтауды талап ете отырып, оларды шынымен иеленетін және бақылайтын компания туралы ақпаратқа ие болу керек,</p>

сонымен қатар бұл ақпаратты құқық қорғау органдарына, салық органдарына және басқа да тиісті органдарға, соның ішінде қаржылық барлау бөлімшелеріне, мысалы, орталық тізілімдер арқылы уақтылы беруді қамтамасыз ету қажет-ФАТФ талабы.

Заңды тұлғалар мен құрылымдардың ашықтығын қамтамасыз етудің бір жолы, ол құқықтық тетіктерін жетілдіру болып табылады. ФАТФ-тың 24-ұсынымы "Заңды тұлғалардың ашықтығы және бенефициарлық иелері" талаптарын орындау мақсатында:

- заңды тұлғаларды тіркеу кезінде және қаржы мекемелерімен іскерлік қатынастардың басында заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы ақпарат алу мақсатында арнайы толтыру нысандарын белгілеу және Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында бенефициарлық меншік иелері бойынша талап енгізу;

- барлық құзыретті органдар үшін заңды тұлғалар, олардың құрылтайшылары және бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратқа уақтылы бір көзден қол жеткізу жолың қарау;

- коммерциялық ұйымдардың тиісті мемлекеттік органды өзінің бенефициарлық иелері туралы, оның ішінде иелерінің өзгерістері туралы дереу хабардар етуге міндеттеу,

- коммерциялық ұйымдардың өздерінің бенефициарлық иелерінің құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты уақтылы жібермегені үшін әкімшілік жазалау шараларын көздеу.

3. Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін тыянақты орындау мақсатында, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы қарарлары бойынша мәжбүрлеу

	шараларын уақытылы қамтамасыз ету үшін, ҚР Сыртқы істер министрлігінің бастамасымен арнайы механизм жүйесі ретінде құқықтық қамтамасыз етілуі бойынша жұмыс жасалуы қажет.
<b>Күтілетін нәтиже</b>	Біздің ұсынып отырған шаралар, Қазақстандық КЖ/ТҚҚ жүйесінің күшейюіне сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нәтижелі құралдарының пайда болуына әсер етеді.
<b>Әдебиеттер</b>	<p>Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясатының тұжырымдамасы;</p> <p>Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" жолдауы;</p> <p>"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>ФАТФ халықаралық стандарттары;</p> <p>ФАТФ ұсынымдарына АЖ/ТҚҚ жүйелерінің сәйкестікті бағалау әдіснамасы;</p> <p>БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі қарарлары және т.б. жатқызуға болады.</p>

### **Қосымша А**

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 191-IV «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңының Халықаралық стандарттарға техникалық сәйкестігі бойынша жүргізілген салыстырмалы

талдау

№	ФАТФ ұсынымдары	ҚР заңнамасында қарастырылған құқықтық норма
1	Тәуекелдерді бағалау және тәуекел-бағытталған тәсілді қолдану	<p>КЖ/ТҚҚ туралы ҚРЗ 11-1-бабында КЖ/ТҚҚ бойынша шараларды іске асырудың кемшіліктерін анықтау және кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру қатерлері мен мүмкіндіктерін айқындау мақсатында КЖ/ТҚҚ тәуекелдеріне бағалау жүргізу көзделген.</p> <p>Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау үшін мемлекеттік органдардан және қаржы мониторингі субъектілерінен деректер жинау әдіснамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 29 наурыздағы № 196 бұйрығы және Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 мамырдағы № 243 қаулысы негізінде жүзеге асырылды.</p> <p>2017-2018 жылдар аралығында Қазақстан КЖ/ТҚҚ тәуекелдеріне бағалау жұмысы өткізді. Қазіргі уақытта ҚМА КЖ/ТҚҚ тәуекелдеріне бағалау бойынша жұмысты қайта жаңалау өткізу басталады.</p>
2	Ұлттық ынтымақтастық және үйлестіру	<p>КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 3-1-тарауында КЖ/ТҚҚ саласындағы ынтымақтастық туралы нормалар көзделген</p> <p>КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 18-бабымен уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы</p>
3	Ақшаны жылыстату қылмысы	<p>"Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жария ету (жылыстату)" АЖ қылмысы ҚР Қылмыстық кодексінің 218-бабында криминализацияланған.</p> <p>Қазақстан Республикасы 29.06.1998 ж., Есірткі және психотроптық заттарды заңсыз сатуға қарсы 1988 ж. Конвенция (Вена конвенциясы), ал 04.06.2008 ж. трансұлттық ұйымдасқан</p>

		кылмысқа қарсы Конвенция (Палермск конвенциясы) ратификациялады. Осы конвенцияларды Қазақстан Республикасы қандай да бір ескертпелерсіз ратификациялады.
4	Тәркілеу және қамтамасыз ету шаралары	Мүлікті тәркілеу деп сотталған адамның меншігіндегі, қылмыстық жолмен табылған не Қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекет меншігіне айналдыру түсініледі (ҚР ҚК 48-бабының 1-тармағы). Қылмыстық кодекстің 2-т. 48-бабы анықтайды, қандай мүлік тәркіленеді.
5	Терроризмді қаржыландыру қылмысы	ҚР-да ТҚ "террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесу" ҚР Қылмыстық кодекстің 258-бабында криминализацияланды.
